ФРсП: 47. Классическая теорема С. Л. Соболева переходом от лебеговой к другой норме дополнена критериями во всех случаях её невыполнения.

ФРсП: 48. Классического звучания результаты в двумерном случае с Продолжением в виде нового направления "К(В)П-анализ бесконечно гладких функций".

ФРсП: 52-56. Многомерные окончательные продолжения одномерных обратных М. Сихова и прямых М. Жайнибековой теорем теории приближений в разных метриках.

Значимые результаты как "Узнаваемость Казахстана в международном научном пространстве":

Всего 10 ЗРсП:

ЗРсП: 1. П. Л. Ульяновым (1967) в одномерном случае было установлено, что вложение $H_p^\omega \subset C$ имеет место тогда и только тогда, когда каждая функция из H_p^ω раскладывается в равномерно сходящихся тригонометрический ряд Фурье и была высказано предположение, что существует аналогичная связь и в случае функций многих переменных.

В статье устанавливается справедливость гипотезы Ульянова при суммировании тригонометрических рядов по Принсхейму, но не по сферам.

Продолжение темы. Найти такие классы A и B, ортогональную систему $\{\psi_n\}$ и метод суммирования, что вложение $A \subset B$ эквивалентно сходимости ряда Фурье по этой системе при этом методе суммирования по норме B.

ЗРсП:15. Предложен способ построения квадратурных формул, основанный на теории дивизоров поля гауссовых чисел в круговых полях для функций из классов Соболева с доминирующей смешанной производной и из классов Никольского с доминирующей смешанной разностью.

ЗРсП: 19. Берется результат из знаменитой монографии профессора МГУ Н. М. Коробова "Теоретико – числовые методы в приближенном анализе", опубликованного в 1963 году в серии "Библиотека прикладного анализа и вычислительной математики" и улучшается "в квадрат раз" (это то же самое, если вместо затрат в $1000000 ту же работу выполнили за $1000) и на языке Компьютерного (вычислительного) поперечника" показано, что дальше улучшить полученное нельзя.

ЗРсП: 20. Американские математики Дитциан и Тотик ввели новый параметр в старое определение в виде модуля непрерывности с переменным приращением.

В известном международном журнале (советско-венгерском, теперь российско-венгерском) "Analysis mathematica" было исследовано влияние этого параметра. Статья оказалось с ошибками в доказательствах, что в международных журналах бывает крайне редко (да ещё и неокончательной в недоказанных формулировках).

Здесь исправлены ошибки, решение задачи доводится до окончательного. Тем самым показываем, что в Астане критически читаем научные статьи и правильное решение публикуем в том же журнале на 35 страницах текста.

Исследовано влияние нового параметра в случае вложения в пространство Лоренца, где выявлен новой эффект в виде независимости от параметра в "близком" случае. В неравенстве Ульянова-Стороженко-Гарсиа показано место параметра при переходе к модулю непрерывности с переменным приращением (с подтверждением точности примерами экстремальных функций).

ЗРсП: 23. Дано К(В)П-1 – решение задачи дискретизации решений уравнения Клейна-Гордона в смешанной метрике $L^{2,\infty}$.

ЗРсП: 28. Получены точные порядки численного интегрирования коэффициентов Фурье и показаны их применения в задачах восстановления.

ЗРсП: 30. Получены критерии равномерной распределенности – метод квази-Монте Карло - сеток Коробова, которые являются примером *сверхсжатия информации* (наш термин) в вычислительной практике.

ЗРсП: 49. Классического характера теоремы снабжены эффективными алгоритмами построения вычислительных агрегатов.

ЗРсП: 50. В заявленной задаче получен окончательный результат.

ЗРсП: 51. В заявленной задаче получен окончательный результат.

Публикации в некоммерческих журналах с импакт-фактором как ЛД, также ФР и ЗР без продолжений как уже зафиксированные авторские достижения - 7:

ЛД: 2. Гипотеза Ульянова из предыдущей статьи под номером 1 была справедлива для классов $H_{p,m}^{\omega(\delta)}$ в случае m переменных при $1 \le p \le m$, где $\omega(\delta)$ – модуль непрерывности, но малосодержательна. Замена в определении класса модуля непрерывности на модуль гладкости порядка $m+1$ повлекла получение нетривиальной теоремы.

ЛД: 12. В свое время это были Значимые результаты, в настоящее время усилены до окончательных, но определение восстановления в ней остается (пишем без формул) "Вместо термина “интерполяция” здесь применяется термин “восстановление”, поскольку значения агрегата приближения не совпадают, вообще говоря, со значениями приближаемой функции в узлах сетки". Со своей поучительной историей: С. М. Никольский, после моего доклада на его семинаре, просмотрев мою статью, с присущей ему в таких случаях ехидцей, спросил "Вы думаете, все знают что такое *восстановление*", на что В. Н. Темляков по телефону продиктовал мне требуемое.

ФРбезП: 3. Известный критерий Ф. Рисса 1910 года принадлежности производной абсолютно непрерывной функции пространству L^p, входящий во многие учебники, распространен на самый общий случай в шкале классов Орлича.

ФРбезП: 5. По аналогии с критерием Ульянова $H_1^{\omega} \subset L^2 \Leftrightarrow \sum_{n=1}^{\infty} \omega^2\left(\frac{1}{n}\right) < +\infty$ для класса функций, определенного скоростью убывания наилучших приближений тригонометрическими многочленами установлен критерий

$$E_1(\lambda) \subset L^2 \Leftrightarrow \sum_{n=1}^{\infty} \lambda_n^2 < +\infty.$$

ЗРбезП: 4. В доказательстве ранее известного обобщения теоремы Хилла-Клейна-Издзуми показана ошибка и дано верное доказательство.

ЗРбезП: 6. Показано, что многомерный аналог теоремы вложения Конюшкова – Стечкина для случая вложения в пространство равномерно непрерывных функций неусиляем.

ЗРбезП: 26. Установлено очень плохое распределение сетки Смоляка, что вместе с [32] закрывает эту тему.

В подробном изложении все утверждения ФР, ЗР и ЛД обоснованы в [60-63] в Серии *Фундаментальные и значимые достижения ИТМиНВ с перспективой их развития (Обзор)* - 1997, 2010, 2012, 2018.

Содержание ФР, ЗР и ЛД опубликованы **в некоммерческих журналов с импакт-фактором по базам Web of Science и Scopus** в статьях [1-56]:

Количественный список журналов с импакт-фактором, где опубликованы статьи Научной школы Н. Темиргалиева (чем больше разных журналов – тем лучше)

1. Foundations Of Computational Mathematics (Found Comput Math) - 1
2. Математический сборник (Матем. сб.) - 2
3. Известия Российской академии наук. Серия математическая (Изв. РАН, сер. матем.) - 1
4. Математические заметки (Мат. заметки) - 14
5. Доклады Академии наук (Докл. АН СССР и Докл. РАН) - 5
6. Известия высших учебных заведений (Изв. ВУЗов. Математика) - 16
7. Analysis Mathematica (Analysis Math.) - 3
8. Сибирский математический журнал (Сиб. матем. журнал) - 2
9. Сибирский журнал вычислительной математики (Сиб. журн. вычисл. матем.) - 2
10. Труды Матем. инст. им. В. А. Стеклова РАН - 2
11. Журнал вычислительной математики и математической физики (ЖВМ и МФ) - 5
12. Acta Scientiarum Mathematicarum - 1
13. Дифференциальные уравнения (Дифф. уравн.) - 2

ОБЩЕЕ КОЛИЧЕСТВО СТРАНИЦ НАУЧНЫХ СТАТЕЙ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ - 530 стр.
НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ - 465 стр.

***

В математике-информатике самое главное и самое трудное – это постановка задачи. Здесь все задачи подробно освещены в контексте международной науки. Вполне обоснованная задача почти всегда представляет собой неприступную крепость. Но не в Программе *"Математика-информатика от ИТМиНВ – на весъ Казахстан!"*, – там всюду авторские разработки, дающие 70 и выше процентную фору по всему "НАУЧНОМУ ПОТЕНЦИАЛУ ИТМиНВ ДЛЯ ВЫПОЛНЕНИЯ ПРОЕКТА №1". Во всяком случае есть с чего начинать, дальше, как во всякой ключевой задаче, все непредсказуемо, – можно "застрять" на каком-то шаге доказательства на дни, недели, месяцы, годы, и, вообще, по всей своей жизни (в чем надо быть осмотрительным не поддастся соблазну такое место вынести в условие теоремы).

Быть может по гуманитарным наукам и возможно достаточно быстро войти в тему, но не в математике-информатике: по собственному опыту работы со студентами можно констатировать, что готовность к глубоким исследованиям с полным пониманием начинается с первого класса школы до базовых университетских дисциплин включительно – программный материал в сознание внедряется "по капле", или как говорят в математике, по "эпсилон".

Начнем с Проекта №2, в котором вся методология усвоения на историческом фоне изложена в "Кіріспе" – "Введение", весь материал, можно сказать на атомарном уровне - в Оглавлении:

"XX ғасырдың басында қазақ зиялылары, негізінен бастауыш мектеп деңгейіндегі қазақты математиканы білуге шағырған еді (қазаққа математиканы игеруді міндеттеген еді), және де құр ұрандатып қоймай, арнайы математикалық білімі болмаса да, іздері іске кірісіп кеткен - Ахмет Байтұрсынов математикалық терминологиясымен, Қаныш Сатбаев мектеп математикасымен, Елдес Омаров "Пішімдеме" атты геометрия оқулығымен, Әлімхан Ермеков қазақ тіліндегі математикадан "Ұлы математика курсы" атты тұңғыш оқулығымен халқына қызмет еткен. Осының жалғасы ретінде (осыған орай), арыстарымыздың (солардың) аруағына сүйеніп, бұл оқулық мектеп математикасын игеру арқылы қалың қазақтың интеллектуалдық сапасы өрлей түсіп (көтеріліп), жас буынның білім-ғылымы ана тілінде ашылып, ары қарай халықаралық деңгейде қазақ атын шығарады деген үмітпен арналады".

Автор

Нұрлан Темірғалиев

"МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ"

(өңделген және толықтырылған екінші басылым)

ҚАЗАҚША ЕКІНШІ БАСЫЛЫМЫНА КІРІСПЕ

(жоба, жақша ішінде кей сөз тіркестерінің баламалары берілген)

1. Ұлт мәселесі. Кеңес кезеңінде өсірілген де, өшірілген де қазақтың жоғары кәсіби деңгейдегі алғашқы математиктері Ибатолла Ақбергенов (1907-1938) пен Сәдуақас Боқаев (1907 жылы дүниеге келген, 1937 жылы ұсталған, 1942 жылы түрмеде қайтыс болған) еді.

Егер кімде-кім қайсыбір халықтың білімін және сапалы білімсіз мүмкін емес ғылымын тоқтатқысы келсе, математикалық анализден айырса болғаны, басқалары өз өзінен-ақ орындалады.

Сол себептен болса керек, қазақтағы алғашқы математикалық анализ мамандары болып табылатын аталған қос арысымыз жойылған (қырғызда әкімшілік әдістермен күнінен бұрын жер жастандырған сондай азамат мақсаты "*Келешекте математик болуын аңсаган жас буынга арнаймын*" бағыштауында ұрандалған көлемі мың бетке жуық екі томдық **"ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫК ЖАНА ИНТЕГРАЛДЫК ЭСЕПТӨӨЛӨР"** атты оқулық авторы Рақым Усубакунов еді, басқа түркі халықтарынан ондай патриот байқалмайды).

Олардың орнын басардай (әрине, барлық күшін салса да, өйткені ел сүйгіштік пен жұғымдылығынан 1826 жылы Нильс Хенрик Абель (1802-1829, норвег ғалымы) айтқандай *"Коши есуас (есі ауысқан) және де онымен жақсы қарым-қатынаста болу мүмкін емес, бірақ қазіргі уақытта математиканы қалай баяндау (айту) керек екенін білетін жалғыз адам сол. Оның істеп жүргені тамаша (керемет), сонымен қатар шым-шытырман"*) басқа қажетті деңгейдегі білім - ғылым да керек) тұлға табылмады.

2. Математикалық анализдің өте қысқа "ат үсті" тарихы. Математикалық анализбен таныстықты әр адам *"Жасың нешеде?"* деген сұраққа жауап бергеннен бастайды. Сонан соң кезек сандарды қосу мен көбейту кестесіне келеді. Геометриядан өзге орта мектеп бағдарламасы "жеңілдетілген" математикалық анализ болып табылады. Осының бәрі жоғары мектепте жалғасады.

Осы айтылғанның бәрінен *"Математикалық анализ деген не?"* сұрағы туындайды. Бұл оқулықты сол түпсіз терең сұраққа алғашқы жауап деп қабылдауға болады.

Бүкіл Кіріспе бойында жай, басқа қосымша сөздер айтылмағанда, "Оқулық" дегеніміз Н. Темірғалиевтің "Математикалық анализ" (1979-1997) оқулығы мен бірге оның осы екінші басылымы болып табылады (жақшасыз оқулық сөзі "жалпы жағдайда" қолданылады).

Бастаулары ғасырлар мен мыңжылдықтар түнегінде жоғалатын математикалық анализ, өз кезегінде әуелі **"Ақырсыз аз шамалар арқылы жүргізілетін анализ"**, сонан соң **"Дифференциалдық және интегралдық есептеулер"** аттарымен әлемге таралған ілім ағылшын ғалымы Исаак Ньютон (1643-1727) және неміс ғалымы Готфрид Лейбництің (1646-1716) адамзат ғылымындағы ең биік жетістіктерге жатады.

1665-67 жылдары студенттік кезеңі өтіп жатқан Кембриджді басып кеткен обадан өзінің ауылы Вулстропты паналап жатқан кезде Ньютон математикалық анализдің өзіндік негізін салған.

Лейбниц болса, 1672-73 жылдары Христиан Гюйгенстің (1629-1695, голланд ғалымы) тікелей, Рене Декарт (1596-1650, француз ғалымы) және Блез Паскальдің (1623-1662, француз ғалымы) еңбектерінің ықпалымен, Ньютонның кинематикалық көзқарасынан өзге болып табылатын математикалық анализдің геометриялық тұрғыдағы өз ілімін дамытады.

Әдетте, ғылымда есептің шешімін сезіну – тек бастапқы кезең болады да, ал соңғы кезең сол "түсінгенін" кең ғылыми ортаға оңай қабылданатын түрде жеткізу болып табылады.

Дәл осындай жәйт математикалық анализ жағдайында да орын алған.

Лейбниц түріндегі анализ алғаш рет 1684 жылы *"Максимум мен минимум үшін, сонымен қатар жанамалар үшін де бөлшек және иррационал шамалар кедергі бола алмайтын жаңа әдіс пен оларды есептеудің ерекше түрлері"* атты алты (қараңыз – не бары алты беттік!) беттік мақалада Acta Eruditorum математикалық журналында жарық көрді. Егер оның бұл мақаласында "*Дифференциалдық есептеулер*" алғаш рет жарияланса, 1686 жылғы басқа мақаласында *"Интегралдық есептеулер"* негізі салынған.

1687 жылы Ньютон *"Жаратылыстану философиясының математикалық бастамалары (Philosophiae naturalis principia mathematica)"* атты негізгі еңбегін басып шығарды. Мұнда болмысы жағынан Лейбництің *"Дифференциалдық есептеулерімен"* бірдей болып келетін, өзі *флюкция* деп атаған әдісін басшылыққа ала отырып, бақылау мен есептеулер арқылы табиғаттың басты құбылыстарының, басым бөлігі аспан денелерінің қозғалыстарының шешімдерін табады.

Осы уақыттан бастап математика ғылымы үшін жаңа кезең басталды. Ньютон мен Лейбництің алып мүмкіндікті десе де болатын математикалық құрылғылары – туынды, интеграл және қатар ертедегі көрнекті математиктерге бой бермеген жаратылыстанудың, геометрияның және математиканың ішкі мәселелеріне қатысты аты шулы есептерді шешу үшін қолданылады, және де көбінесе табыспен.

Бұл жерде зерттеудің екі бағытын бөліп қарастыру керек.

Біріншіден, жаңа тілде (түрде), заманауи (қазіргі) терминдермен айтқанда, табиғи құбылыстардың математикалық модельдері құрылып, сол жаңа зерттеу құралдарымен шешілді. Дәл (өзіндік) математикалық есептер де осындай жетістікті жағдайда болады.

Екіншіден, жаңа математикалық құралдардың өздері зерттеледі, әрқайсысына енген шекке көшкенде қандай да бір қасиеттерді жоғалту қаупі сақталып отырғандықтан, қайталайық, туынды, интеграл және қатар қолдану заңдылығын анықтау қажет.

Бірінші бағыт бойынша, барлық көрнекті зерттеушілердің ішінен Леонард Эйлердің (1707-1783, неміс ғалымы) кескіні, екіншісі бойынша Огюстен Луи Коши (1789-1857, француз ғалымы) ерекшеленеді.

Математикалық анализдегі сол уақыттағы жағдайды Х. Абель былай суреттеген: *"Қазіргі Анализді басып кеткен сұмдық қараңғылықта (невразумительность) анықтық орналастыруға мен бар күшімді саламын. Онда қандай да болсын (ешқандай да) жоспар не жүйе (байқалмайды) түбірімен жоқ, сондықтан көптеген адам сонымен айналысатыны таңғалатындай. Және де ең жаманы – сонда толығымен бірмағыналы, қайшылықсыз және оқылуынан әбден түсінікті анықтамалар мен қолданылған әр амалдың заңдылығы қамтамасыз етілген дәлелдемелер болмауы".*

Математикалық анализ Кошидің 1821 жылғы "Анализ курсы" атты еңбегінде негізделген. Соның өзінде математикалық анализдің тереңдігі мен күрделілігі сондай, бәрін біледі деп қабылданған Кошидің өзі, Абельдің сөзімен айтқанда: *"Коши мырзаның еңбегінде келесі теорема бар: "Егерде* $u_0+u_1+u_2+\ldots$ *қатарының функциялары үзіліссіз болса, онда оның қосындысы да үзіліссіз болады". Бірақ, менің түсінуімше, бұл теоремадан тыс жәйттарда бар сияқты. Мәселен,*

$$\sin x \ -\frac{1}{2}\sin 2x \ +\frac{1}{3}\sin 3x \ +\dots$$

қатары x шамасының әр $(2m+1)\cdot\pi$ манінде үзілісті".

Математикалық анализді негіздеу жарысы ұлт дәрежесін бағалау биігіне жеткен еді, - сондағы айтылғанға көңіл бөлейік.

Иоган Бернулли (1667-1748, неміс ғалымы) 1735 жылы: *"Агылшын еместерге қандай менсінбеушілік! Бұл әдістерді агылшындардың көмегісіз өзіміз таптық".*

Карл Вейерштрасс (1815-1897, неміс ғалымы) 1874 жылы: *"Біз, немістер, Якобиге еріп, дербес туындыларды белгілеу үшін оның орнына дөңгелек ∂ пайдаланамыз".*

20. IV. 1714 жылы Исаак Ньютон*: "Лейбниц мырза $\int$ символын ауданын белгілеу керек қисықтың ординатасының алдында орналастырса, мен осыдан бірнеше жыл бұрын ординатаны квадрат ішіне енгізген едім... . Сонымен, ... менің символдарым бұнда ең бірінші болып табылады",* – деген екен.

Сол уақытта зерттеулер тек математикалық анализ ағымында жүргізілді деген жалған түсініктен аулақ болу үшін, басқаша айтқанда, *"Үзіліссіз математика"* аясында ғана емес, *"Дискретті математикада"* да өткізілгенінің куәсі келесі (бұған кейін төменде ораламыз) Пьер Ферманың (1601-1665, француз ғалымы) сандық эксперименттер арқылы әр $p=4k+1$ $(k=1,2,...)$ түріндегі жай сан екі бүтін санның квадраттарының қосындысы (мәселен, $17=4\cdot4+1=4^2+1^2$) болады деген болжамын 1707 жылы Л. Эйлер дәлелдеген еді.

Сонымен, Ньютон-Лейбниц заманынан кейін артығымен екі ғасыр бойы адамзаттың ең биік ақыл-ой иелері математикалық анализдің логикалық негіздемесін қаласа, соңғы нүктені 1897 жылы өмірден өткен Карл Вейерштрасс қойды.

3. "Оқулықтың" математикалық анализ ағымымен байланысы және өзіндік орны. Әр тарихи кезеңде әрбір ғылыми дамыған ел өзінің математикалық анализ оқулықтарын өз не (және) заманының халықаралық (бұрында латын, француз, неміс соңғы кезде басым түрде ағылшын) тілдерінде шығарып, басқа тілдерге аударылуы сол елдің танылуы болады. Математикалық анализден сондай танымал оқулықтардың тізімін мыналар бастайды:

metricconverterProductID1. Г1. Г. Ф. Лопиталь. Analyse des infiniment petits (Ақырсыз аз шамалар анализі, 1696).

Кіріспесінен: "*Бұл есептеу ілімінің қолданыс өрісі кең орасан ... бұл еңбекте соның дүниенің сансыз көп таңғажайып қасиеттерін ашуға әкелетінін көреміз... ".*

metricconverterProductID2. Л2. Л. Эйлер. Introductio in analysin infinitorum (Ақырсыз аз шамалар анализіне кіріспе), 1748,

Institutiones calculi differentialis (Дифференциалдық есептеу), 1755,

Institutiones calculi integralis Интегралдық есептеу),1768-1770.

3. О. Л. Коши. Analyse Algebrique (Анализ курсы), 1821.

Математикалық анализді әр дирижер өзінше түсініп орындайтын симфония деп елестетуге болады. Бұл "Оқулықты" да соның бір орындалуы деп түсіну керек.

Жүздеген, тіпті мыңдаған оқулық бар, солардың көбінде Математикалық анализдің өзіндік оқылуы бар, кейде күтпеген өте ұтымды әдістемемен, кейде әдемілігімен таң қалдырарлық.

Бірақ та бұның бәрін бір оқулықта жинақтау мүмкін емес, өйткені оқулық әлемінде *"Қиындық сақталу принципі"* деп атауға болатын қағида бар, – сол себептен бір тақырыптағы *"әдемілік"* пен *"ұтымдылық"* басқа тақырыпта әртүрлі мағынадағы *"ұтылысқа"* әкелуі мүмкін.

Осы "Оқулыққа" көптеген, бұған дейін бар оқулықтарда кездеспейтін өзіндік методикалық шешімдер енген, бірақ басқа оқулықтардағы әдістемелер біздің негізгі методикалық жолға үлесті болса, осыған сол түрде енгізілген.

Және де автордың әртүрлі ғылыми тақырыптардағы халықаралық математика және информатиканың алдыңғы шептеріндегі нәтижелері соларды тек түсінудің өзінің, әрі қарай дамытуды айтпағанда, қиыншылығын көрсетіп, жиі айтылатын "Мынадайды түсінбесе математикада не істеп жүр" дегеннен аулақ қылып, барлық мүмкін тереңдікте түсіндіруді мәжбүр етті.

4. Оқулық дайындаудың жалпы қагидалары. Біріншісі қиындық,– ол оқулықтың өзіндік жалпы жоспары мен әдістемесін анықтау: Р. Браунинг айтқандай *"Сәл көбейтсе – соншама көп қосылады, сәл азайтса – қандай әлемдер жогалады!".*

Екінші қиындық, – ол Клод Гельвецийше *"Шыгармада бәрі теңіз толқындарындай байланыста болуы тиіс. Бір ойдан екіншісіне өту әр толқынның келесісін дайындайтындай тәрізді болуы керек"* ойлар бірінен біріне жұғысты өтетін жалпы ағым құруы қажет.

Липман Берс *"Математика оқулығын асықпай және карандашын қолынан тастамай оқу керектігі туралы оқырманды ескерту керек. Барлық есептеулерді тексеріп, кітапта арнайы қалдырылып кетілген жерлерінің бәрін өзі толықтыруы қажет.*

Бұл аз емес күш жұмсауды талап етеді, бірақ математиканы игерудің бұдан ұтымды жолын мен білмеймін" дейді.

Бірақ та, біздің ұстаным бойынша, адамзат тарихында жүздеген, бірнеше мың жылдар бойы талай азап-қиыншылықтардан өтіп табылғанды *"Мен бастап бердім, әрі қарай өзің түсініп ал"* деген түрде оқырманды жүктеуге болмайды. "Оқулықты" игерген соң жаңалық ашу жолында барынша ізденуге мүмкіндік алады.

Бұны ашып айтқанда

5. Оқулық түсінікті болып және пән әдемілігін көрсетуі керек. Көптеген белгілі оқулықтарда, айтылса да, айтылмаса да, "*оқу үстіндегі ойлау әрекетінің өзі гана сапалы түсіну мен игеруді қамтамасыз етеді*" деген қағида ұстанады. Бізде басқаша: "Оқулықтың" әр сөйлемі толық көлемде, барлық тереңдікте және дәлелді түрде түсінікті болуы мүмкіншілігінше қамтамасыз етілген. Мәселен, жақсы деп есептелетін мектеп оқулығында " *a нақты санының абсолютті шамасы кез келген оң ε санынан кіші болса, онда a нөлге тең*" деген тұжырым айтылуынан-ақ түсінікті деп әрі қарай жүре береді. Расында да, сәл ойланып, солай болады деген ұйғарымға келуге болады. Әрдайым осындай түрде "түсіне" беріп, сондай шикі "түсіну" жиналып, түбінде нақтылы қойылған сұраққа дәл жауап бере алмай, тіпті оны түсінбей, білгенде емес, білмегенде емес, бір қиыншылық заманда айтылғандай *"Өлтірмеді де, тойдырмады да, қайнатты гой сорды"* болып шығады.

Бұнда не жөнінде сөз болып тұрғанын және "солай болады-ау" деген болжамдармен "шегелеп тастайтын" дәлелдеме айырмашылығы " $\forall\varepsilon > 0: \ |a| < \varepsilon \Rightarrow 0 = 0$ " леммасының 1 (§3, II-тарау) – пункттегі сандар аксиомаларының біріне негізделген дәлелдемесінен және сондағы түсіндірмелерден ұғуға болады.

Липман Берс оқулық әдемілігі жөнінде: *"Математикалық анализ пайдалылығы мен қолдану өрісінің байлығымен гана емес, әдемілігімен ерекше. Әрине, математикалық жетістіктерді эстетикалық тұргыдан багалау мүмкіндігі ұзақ еңбек арқылы жетілетін математикалық мәдениетті талап етеді. Сонда да, оқулық нәтижелі не нәтижесіз болуы, жинақтап айтқанда, ең алдымен оның оқырманына сол пәннің әдемілігін жеткізу дәрежесімен өлшенеді".*

Мектептен жақсы дайындықпен келген студенттерге өте ежектеп түсіндірген ұнамауы да мүмкін, сондай жағдайда лекторға *"Бізді ақымаққа (идиотқа) теңейсіз бе?"* деп жасырын түрде жазатындар да болған. Әрине, бұндайды *"математикалық жетілгендер"* деп түсінуге болады да, "Оқулық" мақсатының бірі сондай көптеген жағдайдың куәсі болу.

6. Оқулық оқуға өрнектеу жагынан да ыңғайлы болуы тиіс. 1950 жылы жарық көрген есептеу математикасына арналған өз ғылыми монографиясында Л. В. Канторович (1912-1986, совет ғалымы) 1938 жылы ату жазасына кесіліп, көптен кейін ақталған шәкірті И.Ақбергеновтің диссертациясы мен тұңғыш қазақ ғалымының "*И. А. Акбергенов. О приближенном решении интегрального уравнения Фредгольма и об определении его собственных значений.* Математический сборник, 42:6 (1935), 679–697" толық көлемді ғылыми мақаласына сілтемелер беруден тайынбаған.

Осы қазақ математикасына қатысты ғылыми және азаматтық ерлікті еске ала отырып, сол кітаптан өзімізге бір пайдалы техникалық қорытынды жасайық.

Әдетте кітаптарда бір тұжырым басқа беттерде қайталанбайды, бірақ, И. Ақбергеновке сілтеме берген монографияда оқырманның ыңғайын көздеп, қажетті жерлерде тұжырымдардың оқылуы қайтадан берілген.

Дәл сол тәртіп (әдіс) осы "Оқулықта" да сақталады.

7. "Оқулық" бойы сөз бен сөз тіркестері жөнінде сақталатын ұстаным. Байқауымызша, тіпті бастауыш мектептен бастап, негізгі ұғымдарды бейнелейтін сөздер айтылуынан-ақ өз-өзінен түсінікті деп қолданылады. Ондай сөздерге *шама, формула* тәрізді көптеген сөздер жатады. Қандай да болмасын оқулықты игеруді қиындататын себептер осы болса керек.

Бұл оқулықта "*Математикалық анализге*" бастама болып табылатын Бірінші *"Математиканың логикалың құрылысы мен толқыланган терминдер сөздігі. Сандардың геометриялық-алгебралық және салдарымен бірге аксиомалық құрылымы негізіндегі математикалық дәлелдеу мәдениеті"* атты тарауда осы ескеріліп, математикадағы мағыналы сөздер мен сөз тіркестер кеңінен түсіндіріледі, және де бұл ұстаным бүкіл оқулық бойында әр тақырып деңгейінде сақталады.

8. Ғылымы "бәсең" оқу орнында математикалық анализ оқулығы барынша терең, әр тақырып кеңінен ашылған және түсінікті болуы тиіс, және де сол сапада пәнді түсініп, студенттің әр сұрағына толық жауап бере алатындай оқытушы болуы жөн.

Қолданыстағы математикалық анализ оқулықтары әдетте жоғары дәрежелі оқу орнындағы ірі ғалымдармен жазылады да айналасындағы орта көмегі, сезіп пе, сезінбей ме, әйтеуір ескеріледі.

Математикалық анализ математикалық ғылым-білім негізі болғандықтан, әрқашанда қолданыста болып, ғылыми биік ортада ылғи талқылануда болады.

Оның үстіне көз алдында биік талапты өте қиын емтихандар арқылы іріктеліп алынған аты шулы университеттердің студенттері отырғанда өз оқулығында ежіктеп баяндауды керек етпей, қажетті сөз тауып қысқа айтылуды мақтан етеді.

Бірақ та, кең көлемді ғылыми зерттеулері жоқ жағдайларда ондай жоғары сапалы оқулықтарға сүйену күтілген нәтижеге әкелмеуі мүмкін. Дәл осы жәйт бұл "Оқулықта" қолданысқа алынған да, ғылым-біліммен айналысқан кезде өз-өзінен туындайтын көптеген сұрақ-мәселе, әрине, мүмкіндігімізге қарай, сонда алдын ала жауаптарын тапқан. Оның үстіне, тіпті сондай сұрақ-мәселе қойылатыны ойына да келмейтін жағдайлар да осы "Оқулықта" қамтылды.

9. Математикалық анализді оқулықтар әлемінде игеру жолы.

Жоғарыда айтылғаннан шығатын қорытынды: математикалық анализді игергенде бір оқулықты таңдап алып, басынан аяғына дейін түсіне оқып шығу керек те, сонан соң *"мына тақырып мында былай, ана тақырып анда солай ашылған"* екен деп басқа оқулықтарды шолып өту жөн.

10. Көп бетті "Оқулықтан" сескенбеу керек. Енді осы "Оқулықты" игергенде мүмкін пайдалы болатын мәліметтермен бөлісейік.

"*Бір жол бар, алыс болса да жақын, бір жол бар, жақын болса да алыс*" дегендей, бұл "Оқулықтағы" көп бетті оқудан сескенбеу керек. Себебі, қысқа жазып, "*әрі қарай өзің түсіне жатарсың*" дегеннен гөрі қажеттіні барынша қыр-сырын ашып жазғаннан игерген тез болады. Тіпті оқырманның өзіне маңыздылығын көрсетіп, енді *"өзің түсініп ал"* деп сілтегенде сөз болып тұрған ой, тұжырымның сыр-құпиялары тасада қалуы мүмкін. Және де "түсіндім" деп жүргені жалған екенін қайдан біледі?

Оның үстіне, жоғарыда айтылғандай, адамзаттың ең биік ғалымдары ғасырлар бойы – Ньютон мен Лейбництен (әрі қарай үңілсек – Архимедке не одан да бұрынғыларға тірелер едік) бастап, 1897 жылы дүние салған Вейерштрасспен аяқталатын жеңіс пен жеңіліске толы драмалық ізденісте болып тапқанына әр оқырман өздігінен жете алмауы да мүмкін.

Тіпті сөзбен дұрыс айтылған ұғым толық тереңдікте түсініп, еркін пайдалануды қамтамасыз етпеуі мүмкін. Солай, Коши 1821 жылы өзінің әйгілі "*Анализ курсы*" оқулығында бір қарағанда түсінікті сияқты *"Егер $f(x+\alpha)-f(x)$ айырымының сандық мәндері α мен бірге ақырсыз азайса, онда $f(x)$-ті үзіліссіз функция деп атаймыз"* деген болса, ондағы дәл мағынасы ашылмаған "*кішкене құбылыстарды*" 1874 жылы ғана Карл Вейерштрасстың $\varepsilon-\delta$-тіліндегі үзіліссіздік анықтамасында қажетті және жеткілікті дәлдікте берілді.

Оқырман ой-жүйесіне математика ұялайды, бір кезде бәрі анық және түсінікті болып көрінуі мүмкін. Бірақ та кездескен білім-ғылым ойларын математикалық анализ елегінен өткізуді әдетке айналдыру керек.

Математикалық анализді "*ат үсті*" игеру мүмкін емес. *"Мен патшамын, қолым тие бермейді, геометрияңды қысқа түрде игеру әдісін айтып берші"* деген Птолемейге Евклид *"Ғылымда патшаға арналған жеке жол жоқ"*, - деп жауап берген. Сол сияқты, оқырман оқулықтың әр жолын бар назарын салып, игеруі тиіс.

Математикалық анализді ой-санасына сіңіріп алғанда (одан кейін онымен бірге математикалық білімнің негізін құрайтын алгебра мен геометрия әлдеқайда жеңіл игеріледі), әрі қарай білім-ғылымды дамытуға, сонымен бірге өзінің де дамуына жол ашылады.

Осы орайда Филдс премиясының лауреаты Чарльз Феферманның бірнеше беттік мақаласын одан асып түспесе кем емес атақты математик Евгений Никишин, өзі айтқандай, бір апта бойы оқығаны еске түседі.

Сонымен, өте қысқа жазылған не бары техникалық, тіпті жаңа көзқараста болсын, мақаланы "терезелері тең" математиктер сондай уақыт түсінсе, адамзат ой өрісінің идеялық тереңінде жатқанды қысқа айтылғаннан барлық мүмкін көлемде қалың жұрт көтере алатыны өте күмәнді. Сол себепті, егжей-тегжей жазылғанды оңайға жақын игеріп, соның арқасында жүйелі түрде математикалық құралдармен қаруланып, неше түрлі ғылыми құпияларға шабуыл жасаған, Джордж Байрон айтқандай, өзінің де, тегінің де атағын шығарған ер ісі емес пе.

11. "Математикалық жетілгендік"-ті қамтамасыз ету бұл "Оқулықтың" Бірінші "Математиканың логикалық құрылысы мен талқыланған терминдер сөздігі. Сандардың геометриялық-алгебралық және салдарымен бірге аксиомалық құрылымы негізіндегі математикалық дәлелдеу мәдениеті" атты тарауынан басталады. Мазмұны аталуында көрсетілген тарау оқырман оны толық көлемде игереді деген мақсатпен жазылған. Онда математиканың кәсіби сөздігі мен символдық белгілеу, теорема, жиын, анықтама, функция, сан сынды қолданыс құралдары түсіндіріледі, талқыланады және дәлелдеу мәдениеті тәрбиеленеді.

Арнайы айта кететін жәйт – ол нақты сандардың аксиомалары негізінде әрқашанда қолданыста болатын сандар қасиеттерін дәлелдеу болып табылады. Осында үйреншікті $0 < 1$ теңсіздігі де, *"нөлге бөлуге болмайды"* деген жаттанды ереже де, сол *"математикалық мәдениет"*-ті тәрбиелеудің бір тармағы болып табылады. Сондай-ақ, әдетте еш ойланбай (сәл ойланғанда бұл күрделі мәселе екенін түсінуге болады) қолдана беретін екі жай бөлшектің алымдары мен бөлімдері өз өзімен көбейтіліп, көбейтінді бөлшектің сәйкес алымы мен бөлімі болатыны дәлелденіп, және де геометриялық тұрудан қарағанда неге солай болатыны талқыланады.

Жалпылап айтқанда - математикада бәрі де дәлелдеуді қажет ететіндігі көрсетіледі, көбіне жаттанды түрдегі қолданыстағы, іс жүзінде геометриялық есептерге математикалық анализдің жоғары дамыған техникасын қолдануын мүмкін ететін "*координаттық түзу*" тақырыбын ұзындықты өлшеу мәселесімен байланыстырып, соны шешу үстінде рационал және иррационал (рационал емес) сандарды геометриялық мағынасымен бірге анықтап, сол жолдағы ежелгі математиктерді таң қалдырған "өлшемдес емес" кесінділер арқылы жасалатын қорытындылар (бұл жөнінде соны тым ерте білгені гректерге есептеу амалдарын дамытуға кедергі болды деген де пікір бар), - түсініп оқылуы терең мағыналы қазақ күйлерінде, қызықты романды да тамашалаудан кем түспейді.

Ұзындықты өлшеу бірте-бірте оң бүтін, оң рационал және оң иррацинал сандарға әкеледі. Математика қолданысы көбіне теңдеулер арқылы жүргізіледі. Сондағы бірінші дәрежелі алгебралық теңдеудің өзі бар оң мәнді сандарға теріс мәнді нақты сандарды қосуды мәжбүр етеді.

Сан дәрежесі мен логарифмінің, математиканы былай қойғанда, бүкіл табиғаттануда әрдайым қолданыста болатын қасиеттерінің дәлелдемелері негізінде анықтама тілінде соларды қалай жүргізу керек екендігі баяндалады (үйретіледі).

Жалпы математикада, соның ішінде сан дәрежесінің анықтамасында да, арифметикалық түбір мен логарифм бар болуы туралы теоремаларда, дәлелдеменің өзі, не қайсыбір бөлігі қаншама түсінікті болса да, қаншама өзінен-өзі анық болып көрінсе де, олар толық дәлелдеуден өту керек және де соны орындағанда тек аксиомалар мен дәлелденген тұжырымдарды қолдануға рұқсат етіледі. Бұның бәрінің ең ұтымды жері – дәлелденетін қасиеттер де, қолданылатын құралдар да әрдайым қолданыста болғандықтан бұрыннан белгілі және сол себептен түсінікті.

Бұл жеткілікті көлемде Бірінші тарауда орындалған.

Осының бәрі, қайталайық, мақсатымыз болатын "*математикалық жетілгендік*" ісінің бірінші сатысы десе де болады. Сонан кейін, осы "Оқулықтан" бастап, әрі қарай шексіз деңгейде математикадағы белгіліні игеруді де, жаңа білім-жетістіктерге жетуде табу да көп жеңіл түрде қамтамасыз етіледі.

12. ***Дәлелдемелерге талап.*** Бұл "Оқулық" мынадай тұрғыдан орындалған: "Математикалық анализ" оқулығының басқа ғылыми кітаптардан – оқулық болсын, монография болсын, өзгешілігі ғылыми жетістікті көрсетуде емес, басқада. "Оқулық" мақсаты әуелі математиканың негізгі ұғымдарын енгізіп, оларды бар мүмкін тереңдікпен талқылап (мәселен, шек анықтамасының оншақты сыр-қыры ашылады), өзге ұғымдармен ара қатынастарын анықтау болып табылады. Сонан соң, игерілген анықтамалар тілінде ілім құрайтын мәселелер қойылады да, солардың шешімдері дәлелдеме арқылы беріледі. Бұнда қабылданған анықтамалар мен қандай әдістемелер қалай көлданатынын әбден түсініп алып, бірте-бірте "*Дәлелдеме деген не?*", "*Дәлелдеме қалай жүргізіледі*?" және де т. с. с. сұрақтарды біліп (қойылған сұрақты түсінудің өзі көп білім мен дайындықты қажет етеді), олардың жауаптарын оқырман ой-жүйесіне қабылдап алу керек. Дәл осы жәйтті **"математикалық жетілгендік"** деп түсінуге болады.

Сондықтан, дәлелдеулер толық, ұқсас жағдайларда ұғу өрісін кеңейту мақсатымен басқа әдістер, баскә сөздер арқылы да беріледі.

Анықтамалардың, мүмкіншілігіне қарай, қабылдану себептері кеңінен көрсетіледі.

"Теорема – қойылған мәселенің шешімі" деген қағида ұсталынады. Демек, әр жағдайда, арнайы айтылса да, айтылмаса да, теорема қандай сұраққа және қалай жауап беріп отырғанын әрдайым түсініп алып, осы жәйтті естен шығармау керек.

Математикалық анализдің жаралу және жетілу тарихына үңілсек, ондағы әр ой мен түсінік өте күрделі жетістік болып табылады да, сол себептен толық дәлелдеме мен түсіндіру орнына пайдаланылатын *"оңай"*, *"айқын"*, *"өзінен өзі көрініп тұр"*, *"түсінікті"* деген сөз бен сөз тіркестері бұл "Оқулықта" сақтануды талап ететін "езбелеу" қауіпі болатын бірнеше ерекше жағдай болмаса, қолданылмайды.

Біздің ұстанымымыз – білім саласында оңай не қиын деген сөздер мағынасыз деп білеміз: білсең-*"оңай"*, білмесең-*"қиын"*.

13. Оқырман методология жағынан шыңдалған, қатесіз анықтамалар мен дәлелдемелерге ғана сенуі тиіс – "Бәріне күмәнді болу керек!". Кейде бір оқулықтан екіншісіне көшіп, толық түсінік бермейтін "бір (не бірнеше) қайнауы ішіндегі" методикалық шешімдер оқырманды "білмейтінін білмейді" жағдайына түсіріп, оқу өрісінде сақтала береді.

Мәселен, $f(x) = x^2$ функциясының $x = 5$ нүктесіндегі дифференциалы $l(x) = 10x$ сызықты функциясы болатынын *"дифференциал деп функцияның өсімшесінің сызықты бөлігі аталады"* дегеннен шығарып алу "екі талай". Сондай-ақ, *"анықталмаған функция"* деген аталуының өзі жаңылыстыратын жәйтке дұрыс емес $F(x, f(x)) \equiv 0$ анықтамасы қосылғанда түсіну мүмкін бе?

Ой салатын бір-ақ сөйлем *"Ақырсыз қосынды деген ұғым жоқ"* және де сонан туындайтын 1821 жылғы Кошидің "*қатар деген шек*" қағидасы бүкіл қатарлар теориясын түсінікті етіп, жарқыратып жібермей ме?

Математикалық анализдегі *"Сильвестер критерийінің"* дұрыс оқылуын осы "Оқулықта" кездестіресіңдер.

Осындай көптеген жәйттер бұл "Оқулықта" кеңінен орын алған.

Бұған автордың математика-информатикада әртүрлі мәселелермен айналысқаны және солардың кейбіреулерін шешкені де себеп болса керек, - методика мен методология ғылыми ізденіс кезінде шыңдалады.

14. "Оқулықта" жаттығу есептер берілмейді, өйткені "үзіліссіз математика" ғылымының дәлелдемелері математикалық анализге жататын есептерінің дәл өзі. Бұл "Оқулық" көлемі өте үлкен, өйткені әр тақырып өзіне тән болып, және де бір қарағанда байқала бермейтін, сондықтан тереңде жатқан қасиеттерін, тіпті құпиясын десе де болады, көрсету мақсатында баяндалған. Олардың әрқайсысы адамзаттың ғасырлар бойы дамуының жетістіктеріне жатады. Егер де оқырман жеткілікті тереңдікте тақырыпты игерген болса, онда ежіктеп түсіндірілген беттерге *"көз қиығын салып"* қана, әрі қарай оңай жүре береді.

Және де, жалпы білім-ғылым жағдайында сияқты, математикада да, іштей біліп тұрғаныңды қандай сөздермен өзгеге жинақы, дәл және түсінікті етіп жеткізу керек мәселесі де бар. Ол әдетте қалыптасқан сөз тіркестері мен сөйлемдер арқылы орындалады. Осыған орай, бұл "Оқулықта" математиканың негізі баяндалып талқыланғандықтан, солардың кезіндегі әдеби көркемдеуіне де аса көңіл бөлінген, оған қоса кейде бір нәрсе екі-үш өзара бөлек түрде түсіндіріледі.

Тағы бір айтатын жәйт, – "Оқулықта" әр түрлі ерекшеліктерді көрсететін, сол себепті шығарылған, көптеген мысал – есептер келтірілген бар болса да, оқырманның өзіне шығаруға есептер ұсынылмайды. Өйткені, математикалық анализді игергеннен кейін бүкіл математиканы құрайтын ғылым (әрине, оның өзін де қоса) – математикалық анализ жалғасы, демек, есептері.

"Оқулық" құрылысы әр параграфтың басын ғана оқып, әрі қарай, түсіну жолын жоғалтпай, басқа параграфтарға көшіп, ығыса беруді қамтамасыз етеді. Ал параграф ішіне тереңдей беріп, қосымша мәліметтер алуға болады.

Қорытындылап айтқанда, әбден санаға сіңгеннен кейін, жазылғанды "*Көзбен жүгіріп өтуге болады*". Тоқетерін айтқанда "*Үйрен, үйрен де жирен*".

15. "Оқулықтағы" "методологиялық шешім табу" мен "есеп шығару" орны. Математикалық анализде ой-санаға сіңіруді қажет ететін ұғымдар бар, соның негізгілері болып табылатын тереңде жатқан – сан, функция, шек, туынды, интеграл, қатар. "Оқулықта" солардың бет жағын өзінше әшекейлеу арқылы ойланбай-ақ тек жаттығу түрінде баяндалатын методологиялық шешімдерге ерекше көңіл бөлген.

Айтқанымызды негізгі ұғым – шек мысалында жандандырайық. Наполеон айтқан екен: *"Бір мамлюк тіке қақтығыста менің бес гренадерімді жайратады, бірақ ұйымдастыру күшімен бір полкім барлық мамлюктің күлін көкке ұшырады (жеңіп шығады)"*.

Сол сияқты, тақырыпты ашудағы методика жағынан "ұтымды ұйымдастыру" арқасында (осында және көптеген басқа жағдайларда да) "Оқулықта" сандық функция шегінің 36 жағдайындаҰ $\varepsilon - \delta$-тіліндегі анықтамаларын жазып шығу мәселесі аналитикалық өрнектелуі мен оның геометриялық бейнесі көрнекі түрде екі кестеде бейнеленіп, соларды шектің түріне сәйкес әр кестеден бір-бір жолдан көшіру ережесіне айналған.

Бірақ, шек анықтамасын еш ойланбай, жаттанды түрде ғана дұрыс жаза алудан кейін, көптеген (үзіліссіздік, туынды, интеграл, қатар сынды) мазмұнды қолданыстар негізінде оның өте терең болмысын бірте-бірте сол негізгі ұғымдармен бірге санаға сіңіру кезегі келеді.

Сонымен, осында да, жалпы жағдайда да математика білім-ғылымында тіпті дұрыс болса да айтып беру мен өз аузынан шыққанын жетік түсіну әрқашанда беттесе бермейді.

Дәл осы қағида бүкіл оқулық бойы сақталады: әріптермен белгіленген "*анықталмағандықты ашу*" әдістемелері, дифференциалданатын элементар функциялардың туындыларын есептеу, алғашқы функциялары элементар функция болатын функцияларды "*тану және интегралдау*", басқа да көптеген "*есеп шығару мен жаттығу*" мағвалы тапсырмалар алгоритмдік, яғни бірінен кейін бірі орындалатын қарапайым амалдар түрде берілген. Және де, бұл есептердің сәйкес шек, туынды және интеграл ұғымдарын білмей-ақ, солар атты өте терең теорияны игермей-ақ, дұрыс жауаптарын жазып беруге болады.

Бұнымен, бір жағынан, пәнді, соның ішінде математикалық анализді де, саналы игеру мен, екінші жағынан, сондағы ежелгі заманнан бері оқулықтар мен есептер жинақтарының бірінен-біріне көшіріліп, "*тозығы жеткен*" деп атауға болатын жаттығуларды аса ойланбай шығару – салыстыруға келмейтін дүниелер деп айтқымыз келеді.

16. Орта мектеп өрісіндегі математикалық анализ. Математикалық анализдің білімдегі (және де ғылымдағы) ерекше орны ең алдымен ғасырлар бойы іріктеп қалыптасқан мектеп математикасы негізінен математикалық анализдің жеңілдетілген түрі екендігінде.

Осыған ыңғайлап айта кетейік, мектеп геометриясының маңыздылығы баланың ойлау жүйесін дамытуда десе де болады. Геометрияда әуелі ұстанымдар тізімі (оларды *"аксиомалар жүйесі"* деп атайды да, қаншама сондай жүйе болса, соншама *әртүрлі "геометрия"* болады) тағайындалады, сонан соң осы мәліметтерді және солардың негізінде дәлелденген тұжырымдарды ғана қолданылып, теория құрылады. Бұндағы ең маңыздысы – ол дәлелдеулер кезінде қабылданған ұстанымдар мен солардың салдарын ғана қолдануға болатындығында. Дәл осы жәйт логиканы дамытады деп есептеледі.

Геометриядағы аксиомалар көзге көрінетін нүкте, кесінді, түзу, жазықтық және кеңістік туралы болуы сондағы логикалық ізденістерді көрнекі түрде жандандыра түседі. Және де бұл геометриямен ғана шектелмейді, – механика, ықтималдықтар теориясы, физика бөлімдері де осылай қабылданған аксиомалар негізінде зерттеледі.

Оған қоса, мектеп математикасының негізгі жүгі *"есеп шығару"* емес, әр адамға қажетті *"математикалық есеюге (достижение математической зрелости)"* бар мүмкіндікті қамтамасыз ету. Және де сол *"математикалық есею (жетілу)"* болашақ мамандығына қатыссыз – гуманитарлық па, не математика тәрізді *"дәл мағыналы"* ғылымдар ма, не олардың арасындағылар ма, - бәрі бір!

17. Негізгі ұстам: орта мектеп "есеп шығарумен" шектелмей "математикалық есеюге" әкелу керек. Маңыздылығына сай қайталайық – мектеп математикасы тек қана *"есеп шығарумен"* шектеледі деген өте қате. Соның салдары болса керек мектеп математикасын "*Мектепте математиканы жақсы көретінмін, кез келген есепті тез шығаратын едім*" деңгейінде түсіну кең тарап кеткен. Тіпті студенттерге анықтама, есеп қойылуының және оған жауап беретін теореманың оқылуын, оның төңірегіндегі қосымша сұрақтарға, әрине, дәлелдеудің әр сөзі мен ойын қандай тереңдікте игеру талап етілсе, сондай деңгейде жауап бере алуыңыз керек деп қаншама айтылса да, "*Бұны мен білмеймін, маған есеп беріңізші*" дейді.

Әрине, бұл есеп шығармау деген емес. Дұрыс қойылған методология жағдайында әдеттегі мектеп есептері математика да қиын деп саналмайтын алгоритмдік, яғни бірінен кейін бірі орындалатын қарапайым амалдар, түрде жазылады да, солай оқытылады.

Бар мәселе оқушы санасына *"Математикалық әлемге"* енгізетін Бірінші тараудың мазмұнын оның жас ерекшеліктеріне сай лайықтап жеткізуде.

18. "Оқулықтық" мектеп мұғалімін дайындау мүмкіндігі. Бұнда мектеп бағдарламасының негізгі бөлігі де қамтылған.

Бірінші тараудың мазмұнын әдетте "Математикалық анализге кіріспе" деп атайды. Бұл жағдайда "Кіріспе" деген сөз, көмекші мәлімет деп көрінуі мүмкін болғандықтан, кесіп айтайық – "Бірінші тарауды" толық көлемде әбден түсінбей, "Математикалық анализді" игеру мүмкін емес.

Ал "Математикалық анализдің" өзін әрі қарай жалғастырғанда бүкіл интеллектуалды дүниенің кілті, сонымен бірге, ешкім тартып ала алмайтын әрқашанда қолданысқа дайын өмірлік *"суық қару"* деп те түсінуге болады.

Сонымен, Бірінші тарауда мектеп оқытушысы негізгі элементар функциялардың бес түрінің үшеуін: – *дәрежелік* x^{α} , *көрсеткіштік* a^x және *логарифмдік* $\log_a x$ қажетті және жеткілікті деңгейде игеріп шығатын болады.

Қалған екеуі – *тригонометриялық* және *кері тригонометриялық* функциялар "*шек*" және "*функциялық қатар*" зерттеу құралдарын игеруді талап етеді. Дәл айтқанда, әдеттегі $\sin x, \cos x, tgx, ctgx$ функцияларының *геометриялық* анықтамаларымен қатар *аналитикалық* анықтамалары да бұл "Оқулықта" беріледі. Және де, бұл осы тақырыптың өзекті жері: негізгі тригонометриялық функциялардың дәрежелік қатар түріндегі аналитикалық анықтаманың геометриялық бейнесі геометриялық анықтаманың дәл өзі болып шығатыны көрсетіледі.

Кері тригонометриялық функцияның бар болуы және де әр негізгі элементар функцияның Тейлор формуласы арқылы кез келген дәлдікпен жуықтап есептеу мүмкіндігі осы "Оқулықтағы" дифференциалдық және интегралдық есептеудің үлесі.

Осының бәрін "Оқулықтан" игеріп алу үшін Бірінші тараудағы математиканың негізгі түсініктерін – символдық белгілеулерді, қолданатын терминдік сөздер мағынасын, дәлелдеме затын, бір сөзбен айтқанда, бәрін сана деңгейінде игеру керек.

Әсіресе сан ұғымы егжей-тегжейлі берілген. Соның ішінде нақты сандарды анықтайтын 17 аксиома салдары болып табылатын қолданыстағы негізгі қасиеттердің дәлелдемелеріне ерекше көңіл аудару керек. Бұндағы сандардың қасиеттері бастауыш мектептен белгілі, сондықтан не туралы сөз болып тұрғанын түсінуде қиыншылық болмайды. Ал дәлелдеме жүргізу жолдары нағыз *"математикалық тәрбие"* сабақтары болып, *"математикалық жетілуге (зрелость)"* әкеледі.

Геометрия пәнінің орны бөлек болса да, нақты сандардың саны 17 болатын аксиомалардан оның қолданыстағы барлық негізгі қасиеттерін шығарып алу геометрияның методологиялық міндетін атқарады.

Бұны былай да түсінуге болады: көп жағдайда, өмір болсын, басқасы болсын, әдетте *"не өгіз өледі, не арба сынады"* жағдайда шешім қабылдау керек болады, әрине, мүмкіндігінше ең ұтымды. Міне осыны геометрияға ұқсатуға болады – кездескен жағдайды "аксиомалар жүйесі" ретінде қабылдай отырып, әрі қарай үйренген логикалық таразылау арқылы тиісті қорытындыға келу керек.

Мектеп тақырыбын жалғастыра отырып, кейбір осы күнге дейін орын алып келген оқулықтардың олқылықтарының бірін атап өтейік: мектеп бағарламасының түрінен табылатын "теңдеу" ("теңдеме" деп те атайды) ұғымының анықтамасы түгіл, қандай да болсын түсіндірмесі берілмейді.

Әрине, Бірінші тарауда ол да табылады. Бұның бәрін мектеп мұғалімі сабақта оқушыға айтпайды, айту да керек емес. Бірақ оның пәнін қажетті деңгейде толық және терең түсінгені өзіне жалпы рухани тірек пен кәсіби еркіндік беріп, әр оқушының өзіндік әртүрлі талабына сай жоғары методикалық және методологиялық биіктікте түсіндірулер бере алады.

Және де келешекте математика оқу пәні ретінде кездеспейтіндерді оқыту қосымша қиындық тудырады да, мұғалімнің жоғары сапалы дайындығы ол жағдайда да математика "затымен" қажетті көлемде кәсіби деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен, айтылғанның бәрін осы "Оқулықтан" игерген математика пәнінің мектеп мұғалімін өзін *"таптырмайтын"* деп айтатындай өте жоғары сапалы маманға айналдырады. Және де сол адам барлық материалдық және моралдық талаптарға сай болып, мемлекеттің негізін құрайды: өз елінің күрделі кезеңінде Отто фон Бисмарк (1815-1898) айтқандай *"Мектеп мұғалімі соғысты жеңдірді"*, сондай баға А. П. Киселевтін (1852-1940, орыс педагогі) белгілі мектеп математикасының оқулығына да берілген.

19. Алдымен – математикалық анализ, соның ғана негізінде – методика мен методология. Сонымен, мектеп математикасының мұғалімі алдымен математикалық анализді керекті деңгейде (ол жоғарыда бөлек сөз болған) игеруі қажет, сонан соң ғана әртүрлі методика мен методология орын алады, және де қазақ шәйіндегі сүт пен шәй тәрізді бұлардың орындарын алмастыруға болмайды.

Жинақтап айтқанда, әр мемлекет математикалық анализден арыла алмайды, өйткені *"Ұяңда не көрсең, ұшқанда соны ілесің"* дегендей, бала бақшалары мен мектепсіз болмайды. Мектепте бірінші кластан соңғысына дейін математика өтіледі, және де, жоғарыда бірнеше рет айтылғандай, мектеп математикасы "жеңілдетілген" математикалық анализдің дәл өзі. Бала бақшасының тәрбиешісіне "2+2=4" қалай болатынын, әрине өз деңгейінде, үйрету керек, ал бұл да математикалық анализ.

Бірақ, мәселе басқада – математиканы жетік түсінуде! Себебі бұл негізгі талап орындалған жағдайда мектеп мұғалімі болсын, кез келген дәрежедегі ғылыми атақты жоғары мектеп оқытушы болсын, сабақ үстінде қаншама терминдер және символдармен бөленген сөз ағымын төгілтіп, класс пен аудиторияны жаңғыртып жатса да, пән мағынасымен жұғыспай, тіпті қайшы келуі де мүмкін.

Қысқасы, өзі пәнді жетік түсінбеген, оқыту кеңістігін ғылыми терминдермен жүйесіз шулатқан ұстаз шәкіртін үйрету мүмкін емес.

Мектеп оқулығындағы әр олқылық халыққа оқтай тиеді. Мәселен, екі жай бөлшекті қосу үшін олардың білімдерінің ең кіші ортақ еселігін табу есебіне тіреп қойғаны сол қосу амалын еш пайдасыз шексіз қиындатып, жаппай білімсіздікке әкеледі.

Қолданыстағы жоғары ғылыми дәрежелі авторлық ұйымының мектеп оқулығында *"$3^x = 80$ теңдеуін шешу үшін логарифм ұғымы енгізіледі"* делінген. Бұл болса, мүлдем қате – ондай теңдеу шешу үшін жаңа функция енгізілмейді, мәселен, дәл бір оң мәнді шешімі бар сол тәрізді $x \cdot 3^x = 80$ теңдеуін шешу үшін тағы жаңа функция енгізу керек пе?

Логарифм керек, бірақ басқа себептермен – оған Бірінші тараудың арнайы параграфы арналған.

20. Мектеп математикалық оқулығына талаптар.

Мектеп оқулығы жайлы А. Н. Колмогоров "*Оқулықтың күрделілігі ұшақтың жаңа түрін құрастырудан кем емес*". Халықаралық деңгейдегі математика мен информатиканың кең спектріндегі барлық ізденістер мен нәтижелер орта мектеп пен Жоғары оқу орындарын барлық бағдарламалық сұрақтар бойынша тереңірек түсінуге және тікелей қолданыс табатын әдістемелік шешімдір шығаруға мүмкіндік береді.

Кеңестік дәуірде мектеп математикасының айнасы "Математика в школе" журналы болатын. Белгілі математиктер сонда мақалалар басып, әр оқулықты аяусыз талқыға салған. Оқулыққа берілген рецензиялары рецензиялары жарияланды.

Оқуға түсу емтихандарының сараптамалары да жарияланды. Сол уақыттағы оқуға тапсырушылар математикалық индукция әдісі мен иррационалдықты нашар түсінеді делінген, есімде, мектеп жылдарында өзімде де солай болған. Осы түсінуге қиынырақ тақырыптар, негізінде мүлдем басқаша, мүмкін нақтырақ мазмұнда 2000 жылғы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "авторлық ұжым – баспа" форматында өткізген Конкурсының жеңімпазы ретінде қазақ және орыс тілдерінде жазылған "Алгебра және анализ бастамалары" оқулығында берілген.

Физика-математикалық бағытта мамандырылған мектептің басты көрсеткіші – ол мектеп бітіргеннен кейін университет қабырғасында математикалық анализді терең игеруге жеткілікті білімді беру. Әрі қарай, талаптарды азайта келе – техникалық және экономикалық мамандықтарда жоғары математика курсын меңгеру үшін дайындықтың болуы. Жалпы орта мектепте математика бойынша стандартты мектеп бағдарламасы "Математикалық кемелденуге" бағытталуы тиіс. Бірақ есепті шешуге ғана бағытталмай, математиканы оқытудың өзіндік негізгі мақсаты болатын нақты ғаламды сандық және сапалық тұрғыда қабылдай алуға жетуі керек (мысалы, журналист үшін квадраттық және логарифмдік теңдеулер шешімі мүлдем керексіз, бірақ математикалық тәрбие баяндалып отырған оқиғаларды басты және екінші кезектегілігін сәйкес таразылап, оны өз мақаласында барынша мәліметті және логикалық тұрғыдан мінсіз құру қажет).

Мектеп мұғалімі елес деңгейінде математика құрылымы мен ең ұтымды аз көлемде математикалық анализ курсын түсіну қажет, себебі мектеп математикасы математикалық анализдің жеңілдетілген түрі.

21. Мектеп математикасы – жалпы ұстанымдар.

1^0 . Амалдарды орындау мен теңдеулерді шешуді "затын" түсінбей, жаттанды түрде ғана қаншама орындаса да (он немесе жүз рет), тақырыпты еркін меңгеруге алып келмейді.

2^0 . Жалпы өмірде, соның ішінде, кез келген тестік тапсырмалар кезінде есептеу амалдарын дағдылы түрде орындай алу қажет, – бұл бірінші этап.

3^0 . Екінші этап, бұл оқушыға берілетін математикалық тәрбиенің бастысы, орындайтын не енгізілетін амалды түсіндіруден тұрады – ұғымының өзін "Бұл не және не үшін қажет?" деген сұрақ бойынша есептеулерде ***аналитикалық*** және суреттер арқылы көрнекі ***геометриялық*** талқылаулардан тұрады (бір рет түсініп, одан кейін ұмытуға да болады).

4^0 . Амалдардың мағынасының түсіндірмесін және жазу түріндегі өрнектелуін кейін ұмытуға болады, бірақ оларды "түйсік түбіне" орнататын түсіну сәті болуы қажет, бұрында айтылғандай "Ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады".

5^0 . Мұғалім мектеп математикасының математикалық анализ түрінде жазылған барлық теориялық негіздерін жалпы да, егжей-тегжейлі де түсінуі қажет, – өйткені өзің жетік түсінбейтінді біреуге жететіндей түсіндіру мүмкін емес.

6^0 . Математикалық анализді барлық тереңдікте игерген мұғалім кез келген деңгейдегі оқушыға бейімделе алады – методикалық вариативтілік дегеннің өзі де осы.

7^0 . Көптеген мектеп тақырыптары бойынша өзіндік "қолтаңбасымен" тікелей қолданысты әдістемелік шешімдерді көп мөлшерде жинақтаған мұғалім, анықтама бойынша, "Тәжірибелі ұстаз".

8^0 . Тәжірибелі ұстаздардың ең мықтысы ғана әдістемелік мақала жаза алады, ал мықтылардың мықтысы ғана мектеп оқулықтарының авторлары мен авторластары бола алады.

9^0 . Жалпы теориялық ғылыми-әдістемелік зерттеулер нақты оқыту барысында бала психологиясына, жас ерекшеліктеріне және сол сияқты кездесетін жәйттерге сәйкестендіріледі.

1^0 . Мектеп математикасында ғылым ретіндегі математиканың қатаң құрылымын ұстанымға алудын қажеті жоқ (бүтін, рационал және иррационал сандардың топтық қасиеттерін – коммутативтілігін, ассоциативтігін дәлелдеу сияқты).

11^0 . Мектеп математикасында дәлелдеулерді "шындық тәрізді талқылаулармен" алмастыруға болады.

12^0 . Түсінуге қиын ұғымды, одан да түсініксіз ететін сөздермен беретін, тіпті не жайлы сөз болып жатқанын маманнның өзі де түсіне алмайтындай, "түсінікті" түсіндірмесін болғызбау (Мысал: кеңес оқулықтарында фунцияны тәуелді және тәуелсіз айнымалылар арқылы бергені).

13^0. "Формула", "өрнек", "шама", "тура және кері пропорционалдық" тәрізді барлық қолданылатын атаулар мен терминдер "өз-өзінен түсінікті" дегенге сүйенбей қажетті көлемде түсіндірілуі керек. Ол, әрине, оңай емес және бала психологиясымен сәйкестірілген, мұқият ой елегінен өткен сөздермен берілуі міндет. Нәтиже бірден білінеді – математика қабылдауға жеңілденіп, оқуға қызықты болады.

14^0. Барлық мүмкін жерлерде білім алушы неге, немен және не үшін айналысып жатқанын соны жетік түсіндіретін арнайы әдістемелік ізденістер арқылы білуі қажет (мысалы, бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу – оның күрделі қиыншылығы неде және сол қалай шешіледі, сонда біріншісі таң қалдырса, екіншісі – адам ақыл ойының күшіне сүйсіндіреді).

15^0. Мектеп математикасы кең адами өлшемде өнімділігі аз есептерді тікелей формула қолдану деңгейінде шығарумен шектелмеуі қажет, ол– физика, химия, биология, астрономия, география және барлық гуманитарлық ғылымдардан алынған энциклопедиялық білімді сандық және сапалық логикалы ойлауға мүмкіндік беретін "математикалық жетілуге" (кеңес дәуірінде орта білім құжаты "Жетілу аттестаты" деп аталағандай) әкелуі керек.

16^0. Мектеп тақырыптарын дамытқанда қандай да бір қолданыс мағыналы есепке немесе қандай да бір бақылауға ұстанған жөн.

Мәселен, бөлшектерді кесінді ұзындығын өлшеу есебін шешу арқылы беруге болады және солай беру керек.

22. Бірінші тарау қалың халыққа "математикалық жетілуге" тура жол. Бірінші тарау өз "математикалық жетілуін", және де шектер теориясы мен дифференциалдық -интегралдық есептеусіз, қалыптастырғысы келетін оқудағы студенттерге де, дипломды математик, информатик, физик, химик, биолог, сондай-ақ техникалық мамандықтардан бастап финанс-экономикалыққа дейінгілерге де мүмкіндік береді.

Математика мұғалімдері бұл I-тарауды міндетті түрде, оған *"Функцияның шегі"* атты III тараудағы Бірінші параграфты қосып, бір айнымалы жағдайындағы II-VII және X-XI тараулармен жалғастырып кәдімгідей игергенде, толық көлемді математикалық тәрбиесін алады.

23. Ұлт – мемлекет деңгейіндегі керек математикалық анализ өмір жолын ғылым не болмағанда қолданбалы информатикамен байланыстыруды жоспарлаған адамға да керек.

Интернет деңгейіндегі бірнеше жол мәліметті адам 4-ші индустриялық революция заманына жат болып келеді, бірақ күңгірт болашаққа бейімделу мүмкіндігін игерілген математикалық анализ береді.

24. Ғылыми нәтиженің әдемілігіне сүйсінген Борель мен Мейнардус 1885 жылғы Карл Вейерштрасстың *"Кесіндідегі кез келген үзіліссіз функцияны кез келген дәлдікпен алгебралық көпмүшеліктермен жуықтауға болады"* деген теоремасының (ол төменде 2(§7, IX тарау)-пунктте екі түрде және де 4 (§5, XIX тарау)-пунктте периодтық жағдайдағы тағы бір түрде дәлелденеді) басқа дәлелдемелерінің тізімін жасапты.

Осы сияқты, математикалық анализді терең игерген адам математиканың көптеген ғажайып жетістіктерін түсінетіндей болып, талай әдемілікке бөленеді.

25. Ғылымда былай да болған. Математиканың жүйелі түрде дамуы Александрия қаласында шоғырланған грек өркениеті болып табылады. Сол қала үш кезеңде қазіргі дәуірге дейінгі 47 жылы римдіктермен, 392 жылы христиандармен және, соңында, 640 жылы мұсылмандармен тоналған.

Алла Мұхаммед Пайғамбар (22. IV. 571-8. VI. 632) арқылы жеткізген ислам діні шашыраған араб тайпаларын біріктіріп, олар Инд өзенінен Гибралтар бұғазына дейінгі орасан жерде жайылған Араб халифатын құрды. Жаңа дінді дүниежүзіне тарату мақсатында онда Құран кітабын өрнектеуге қажетті дарынды шеберлерді жоғары мәдениетті елдерден жинақтады.

Сол кездегі Халифат басшыларының көрегендігі соншалық, Құран қызыметтерімен байланысты араб тілі мен жазуын әрі қарай дамытқан, сонымен бірге жалпы деңгейі өскен мамандарды таратып жібермей сақтап қалады. Қолдарына тиген гректердің еңбектерінің сақталған үзінділерін осы мамандар арқылы араб тіліне аударып, оның қатарына Үнді ғылыми жетістіктерін қосып, жаңа өзіндік зерттеулерді бастап, нәтижесінде дүниежүзіндегі математика, астрономия, медицина, философия, жалпы гуманитарлық ғылымдарда алда болған. Солардың арасынан *Екінші Аристотель* аталған қазақ әл-Фараби де табылады.

Бұл өркениеттің көтерілуі мен өшуін әйгілі француз ғалымы Эрнест Ренан (28. 02. 1823-12. 10. 1892) былай суреттеген: *"... жер бетінде екі деңгейдегі ұлттар бар: біреулерінің ғалымдары бар болса, екіншілерінікі жоқ. Бұл екіншілері қаншалықты интеллектуалды құлдырауда болса, соншалық саяси құлдырауда да болады. Мұсылмандық Шығыс еуропалық Батыспен бәсекеде болып, тіпті XVI ғасырға, яғни қазіргі ғылымның пайда болуына дейінгі аралықта олардан басым болды. Мұсылмандық әлем XIII ғасырда құрсағындағы ғылым ұрығын тұншықтырып, өзінің құлдырауына келді.*

"Болмасаң да ұқсап бақ" дегендей қазақ математикалық анализ игеру негізінде ғылым-білімде шексіз көтерілуі керек.

26. Жоғары мектеп математикалық анализден басталады. Орта мектептен жоғары мектепке көшсек, онда өз кезеңінде физика, химия, қаржы, техникалық және де көптеген мамандықтарда оқытылатын *"Жоғары математика"* да, математика-информатика ғылымы да математикалық анализден басталатынын айтса болғаны. Бұған қоса, математика ғылымын жалпылап айтқанда математикалық анализ деп бағалауға, кемінде *"үзіліссіз математика"* деп оңашаландырып, оны математикалық анализдің жалғасы деуге де болады.

27. Математика негіздерін білмеген мәңгілік заман талаптарына сай болып, ғылымға терең бойлай алмайды.

Физикадан СССР Ғылым академиясының академигі А. А. Мигдал айтқандай *"... жаңалық ашуға ұмтылудың өзі ғылыми жұмыс үшін тіптен залалды болуы мүмкін. Ғылыми қызметкердің міндеті жаңалық ашуға ұмтылу емес, оны қызықтыратын сұрақты кәсіби және терең зерттеуге ұмтылу болып табылады. Ал ашылым-жаңалық әрқашан осы зерттеудің қосалқы өнімі ретінде пайда болады"*.

Математиканың ежесімен зорға танысып алмай жатып, бірден ғылыммен айналысуға кіріседі: біріншіден, терең базалық білімсіз, әрине, кейбір сирек кездесетін жағдайларды ескермегенде, жеңіл-желпі немесе белгілілерді көшіру сияқтылар болмаса, терең ғылым алынбайды, екіншіден, кезінде игерілмеген білім "шоқтығы биік" нәтижеге ие болдым деп мәлімдеген сәтте маман атағына жарамсыз келетін сәтсіздіктерге ұшыратып, өзінің "кек қайтару" қасиеті көрсетеді, сан уақыт бұрын Салтыков-Щедрин айтқандай *"өзін-өзі аса мақтау жүйесі жанға жайлы түс көру себебі болуы мүмкін, бірақ сонымен бірге, өте өкінішті оянумен аяқталады"*.

Осыған байланысты, дәл мағыналы ғылымдардың, алдыңғы кезекте математиканың гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардан айырмашылығы бар екендігін айта кетейік. Мұнда, зерттеудің тақырыбының өзін ғана түсіну үшін өте салмақты фундаментальді дайындық қажет.

28. "Бұрынғы өткен заманда, дін-мұсылман аманда" осылай да болған. Бұның бәрін өз басымнан кешкенмін. Қазақстандағы ең жоғары оқу белгілерімен – мектепті алтын медальмен, сол кездегі жалғыз университетті, қазақтың жоғары білімдегі қара шаңырағы – Қазақ университетінің механика-математика факультетін тек "бес" бағасымен ғана үздік бітіргенмін. Сонан соң Воронежде аспирантурада оқыған Тоқтар Нұрекеновтың бір-ақ ақылы – *"Олар анықтама мен кері мысалдарды ғана сұрайды"* дегенін басшылыққа алып, соңғы ғылыми атақтарымен атағанда СССР және Ресей академиктері С. М. Никольский мен А. А. Гончар, өз ұстазым СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі және Ресей академигі П. Л. Ульянов, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А. Ф. Леонтьев және профессор С. А. Теляковскийдің алдарында бір сағат әдемі және терең сұрақтарына тойтарыс бере алып, "*бес*" деген бағамен СССР Ғылым академиясының В. А. Стеклов атындағы Математикалық институтының аспирантурасына түскенмін.

Білімімнің *"бір қайнауы ішінде"* екенін сезсем де, 22 жасымда нағыз ғылыми ортаға түскенде қазақстандық алтын медаль мен үздік дипломдарымның *"түзы жеңіл"* болып шықты. Ол – ол ма, кейін *"терезем теңелгенін"* мойындатқаннан кейін, менің математикалық сөйлемдерімнің дөрекілігін күлкіге алғандарын еске алатын болды. Не айтуға болады, бәрі дұрыс. Мектепте де, тіпті сол Алматыдағы "қара шаңырақта" да сұрақтарыма күтілгендей жауап ала алмайтын едім – кітаптардан жаттанды сөздерді айта салады. Осының бәрін сол И. Ақбергенов пен С. Боқаевтың жоқтығының салдары деп білемін.

Математикалық түсінігімнің тайыздығын анықтаумен қатар (бұның өзіне де *"Мың да бір рахмет!"*, өйткені өз білімім туралы жалған бағада болып, әрі қарай ұмтылмас едім), сол кездегі Мәскеу, дәлірек айтқанда, Математикалық институт пен Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультеті одан арылуға да мүмкіндік берді.

Біріншіден, ғылыми ұстазым Петр Лаврентьевич Ульянов үш жылдық аспирантураның жартысын математика негіздерінен емтихан тапсыртып қойғызды, екіншіден, аспиранттық достарым Дмитрий Печерский мен Сергей Воронинның ықпалына бөлендім, соңғысы кейін ғылыми ұстазым да болып шықты.

Сөйтіп, математика негіздерін игеріп, сонымен бірге сол кездегі дүниежүзілік математиканың алдыңғы қатарындағы әйгілі Мәскеу математикалық мектебінің түлегі болып, ең жоғары талап қойылатын атақты Математикалық институтта кандидаттық (1973 жылы) және докторлық (1991 жылы) диссертацияларды қорғап шықтым.

Бұған қоса айтарым, себебі математикалық анализбен айналысқаным болса керек, докторлық диссертациям бір жылда дайын болды, қалғандары – қорғау рәсімдері.

29. "Оқулық" тарихы. Әуелі қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтарды атап өтейік:

1. О. А. Жәутіков. Математикалық анализ курсы. Алматы, 1958.
2. Х. И. Ибрашев, Ш. Еркегулов. Математикалық анализ курсы. Алматы, т. I, 1969, т. II, 1970.
3. Б. Т. Төлегенов. Математикалық анализден лекциялар курсы. I-бөлім, Алматы, 1973.

Бұл "Оқулық" Мәскеудегі В. А. Стеклов атындағы Математикалық институтының 1969 жылы аспиранты болғандағы кезеңнен (тіпті соған түсу емтиханға дайындықтан десе де болады) бастау алады да, сонан соң Қазақ мемлекеттік университетінде 1974-79 аралығындағы бес жыл бойы қолға тиген жүздеген математикалық анализден оқулықтар игеріліп, методикалық тұрғыдан сарапталады. Сонымен қатар, екі-үш студенттік ағымға математикалық анализден оқылған лекциялар мен семинарлық сабақтарымда ойға келген жаңа әдістемелер студенттерге жеткізгенше асығу үстінде шыңдалады. Бір ғұмыр болатындай 18 жылым – 1979-1997 жылдар арасы,- келесі оқулықтарды дайындау және басып шығарумен өтті:

1. Н. Темірғалиев. Математикалық анализ. Т. I. Алматы: Мектеп, 1987. 288 б.
2. Н. Темірғалиев. Математикалық анализ. Т. II. Алматы: Ана тілі, 1991. 400 б.
3. Н. Темірғалиев. Математикалық анализ. Т. III Алматы: Білім, 1997. 432 б.

Бұл үш томдық басылымның қаншама қажетті екендігін жоғары мектепке арналған оқулықтарының 2004 жылы өткізілген Республикалық конкурсқа қатысқан 600 басылымныкқ 123-і үлкен қолданысты деп табылса, топ жарған үш оқулықтың бірі болғанын атаса да болғаны.

30. "Оқулық" бастаулары ұстазым Петр Лаврентьевич Ульянов (1928-2006) пен ұстазым әрі досым Сергей Михайлович Ворониннен (1946-1997), әйгілі Мәскеу математикалық мектебінің жарқыраған кезеңінде ғылыми тәрбие көргенім деп айта аламын. Оған қоса, өзім математиканың оқыту методикасы мен методологиясы, орта және жоғары мектеп негізіндегі оқулықтармен қатар таза ғылым мен оның қолдануларымен айналысқаным да осы "Оқулық" бастауларына жатады.

Осы "Оқулық" негізінде жатқан ғылыми және методологиялық математикалық тақырыптарын тізіп атасақ – олар мектептегі көбейту кестесінен бастап бүкіл есептеу математикасына қосымша компьютерлерде қолдануға ыңғайланған жаңа зерттеулер еңгізетін өзіміз анықтаған Компьютерлік (есептеуіш) диаметр, жаңа мазмұнды квази Монте-Карло әдістемелері (бұлар жоғарыда сөз болған Ферма-Эйлер теоремасының XIX ғасырдың математикасының негізгі жетістіктеріне жататын Эрнст Куммердің (1810-1893) алгебралық сандар теориясының математиктердің назарынан тыс қалған оқылуын қолдану негізінде пайда болды), және де солардың ішінде бүкіл математикалық мағынасы бар абсолютті жинақталатын тригонометриялық қатар қосындысы түрінде бейнеленетін функцияны кез келген дәлдікпен әр қайсысының ерекшеліктеріне сай интегралдау, жуықтау теориясының бір үлкен бөлігін ұстап тұрған өзіміз жалпылаған "Смоляк алгоритмі", өзіндік дәрежедегі енгізу теоремалары мен метрикалық функциялар теориясына дейін созылады.

Соның ішінде бір-ақ 2016 жылы тек тақырыптарын атасақ халықаралық информатикада 50 жыл бойы шешілмеген кездейсоқ сандардың генераторларын құру мәселесі шешілген, тағы да 50 жыл бойы дамып келген дискреттік Фурье тез түрлендірулеріне жаңаша дем берілген, 100 жыл бойы ешкім байқамаған Галеркин әдістемесінің бастапқы осалдығы, Сандар геометриясының алгебралық сандар негізінде жаңаша әрі қарай дамуы мен математика-информатикадағы екі есептеу әдістемелері – формула не компьютерлік іздеудің қайсысы тиімді деген мәселеге жаңаша көзқарас,– осындай халықаралық деңгейдегі математика-информатиканың іргетастарын қозғайтын нәтижелер де бар.

Осылардың және бұл тізімге кірмей қалған басқа да зерттеулерді жалғастыру мүмкіндігі бар өзіміз дамытқан тақырыптардың бәрінен алынған әсерлер негізінде бұл "Оқулық", жапондар сурет салғанды емес, әдемілікті көріп түсінгенді суретші деп атайтын тәрізді, математиканың әдемілігін көріп бағалау сезімін тәрбиелеуге бағытталған.

31. Сөз таңдау мәселесі. Кейде сөз қолдану белгілі сақтықты талап етеді. Мысал ретінде "*ұғым*" не сол мағыналы *"түсінік"* сөздерін алайық. Аса тереңдеуді қажет етпейтін мектеп математикасында қолдану мүмкін бұл сөз толық көлемді математикалық анализге келе бермейді.

"*Ұғым-түсінік*" сөзінің орыс тіліндегі "*понятие*" баламасы *"ешкім түсінбейді, ойланбай айта береді"* бағалаумен өте күрделі деп есептеледі. Бұл жөнінде қайсыбір зат не құбылыс жөніндегі көптеген жеке бейнелер түбінде "*ұғым-түсінікке*" айналады деген де пікір бар.

Әрине, әр елдің ғылыми тілі ғылыммен бірге әрқашанда дамуда болады. Қазақ тілінде Дедекиндтің *"... я решил начать думать, пока не найду чисто арифметического и абсолютно* ***строгого*** *обоснования принципов анализа бесконечно малых... . Я достиг этой цели 24 ноября 1858 года... . "*, Абельдің *"... абсолютно отсутствует* ***строгость****"*, Кошидің *"...* ***строгость****, которую я хотел достигнуть"*, Принсгеймнің *"... понятие предела функции впервые с достаточной* ***строгостью*** *определил Вейерштрасс"*, біздің замандағы Липман Берстің *"****Строгость*** *в математике означает* *прежде всего добросовестность и ясность"* тәрізді сөз тіркестері мен сөйлемдердегі ***"строгость"*** деген сөздің бірсөзді баламасы жоқ болып шықты, сондықтан да осы бір сөздің мағынасын беру үшін *"толығымен бірмағыналы, қайшылықсыз және оқылуынан әбден түсінікті анықтамалар мен қолданылған әр амалдың заңдылығы қамтамасыз етілген дәлелдемелер"* сөйлемін қолдануға тура келді.

Ғылыми кітаптарда әдетте ең маңызды деп бағаланатын терминдер былай тұрсын, жай жалпы сөздердің қазақша баламаларына да қиналдық. Және де бұл жалпы мәселе болса керек, мәселен, *"қандай себептермен осымен айналысу керек"* мағынасында қолданатын *мотив-мотивация* деген сөздің баламасы ретінде Тіл білімі институты *себеп* (причина), *дәлел* (обоснование), *сылтау* (отговорка) деп ұсынады.

32. Қазақ тіліндегі математикалық терминдер. Бұл оқулықта бірінші басылымнан бастап қазақтың математикалық тілі дамытылды деуге болады. Бұндағы терминдік ұстанымыз мынадай болады: грек пен латын тілдерінен бастау алып, халықаралық математикада қалыптасқан терминдерді сол түрде қолдану, бірақ *"абсолют"* деген *"абсолютті"* деп қазақшаландырылды, сондай-ақ, қазақшаландырудың тағы бір түрі ретінде *"функция"* орнына *"функсиа"* деп қазақшалау мүмкін болар. Қалғандарына – қазақ тіліндегі қысқа, айтқанда әдемі, естуге жағымды және информативті баламасын табу. Бұлар, өз кезегінде, екі топқа бөлінеді – *"тізбек", "шек"* тәрізді сөзсіз қолданыстағы және әлі де ізденісті талап ететін *ақырлы (конечный)*, *шенелген (ограниченный), шен (грань)* сияқтылары.

Тағы бір ескеретін жәйт, әр жеке терминді аудару – ол істің бір жағы болса, үлкен толық текст үстінде солардың бәрін үйлестіру – мүлдем өзге. Сондықтан, термин өзімен өзі болмай, ғылыми не кәсіби текстте қалай үйқасатынын да көру керек, демек, терминология мәселесі тек үлкен шығармада ғана қалыптасуы тиіс (бұл айтылған, әрине, жеке сәтті ұсыныстарды жоққа шығармайды!).

Терминдік мәселелермен айналысқанда "*не көл, не шөл*" жағдайы да кездеседі. Мәселен, орыс тілінде бір-ақ *"окрестность"*, сондай-ақ, ағылшын тілінде *"neighborhood"* сөзі болса, қазақ тілінде солардың баламалары болатын *"маңай", "төңірек"* және *"аймақ"* синонимдері бар.

Қорытындылап айтқанда, қазақ тілінің байлығы математикалық анализді, басқа еш тілден артық болмаса кем еместей, толық және терең баяндауға артғымен жетеді.

33. "Оқулықтағы" "қаймағы бұзылмаған" қазақ тілі.

Мен мектепті орыс тілінде бітірген едім. Қазақ тілін шет ел тіліндей оқып, басқа ұлтты сыныптастарым (кластастарым) бүгінге дейін үтір (запятая) орнына "түйнек" дегенімді әзілдейді.

Бұның ұтымды жері "орысшаланған" қазақ грамматикасынан тыс болып, қалың қазақ арасындағы ұлттық тіл деңгейінде қалғаным болса керек. Бұны басқа елдерден отанына оралған қазақтардан байқауға болады – өздерімен бірге "қаймағы бұзылмаған" шынайы сөздерімізді әкеледі.

Бұларға қоса тағы бір жәйтті де келтіруге болады. Әйгілі Иоган Вольфганг Гетеның "*Бес ғасыр бойындағы ақындарының ішінен парсылар тек жетеуін ғана бөліп шығарды. Сол тізімге ілінбегендердің арасында менен көп артықтары да бар*" деп атағандардың өлеңдерін еуропалық тілдердің біріне аударушы ескілікті сақтаған бір парсы ауылында бірнеше жыл қоныстансам деп армандаған екен. Менім бала кезім оған жақын өткен болса керек.

Бұл да "Оқулықтың" үлесі болып табылады.

34. Математикалық анализдің сұраныста болу көлемі оқу жүйесінің білім беру және әр студенттің білім алу сапасының тікелей көрсеткіші.

Қайсыбір тілдің әліпбиін білмейтін адам сол тілдегі жазуды *"Әліпті таяқ деп танымайтын"* жағдайына түсінетіндей, математикалық анализді білмейтін адам математиканың өзіне, информатикаға, физикаға, техникаға, финанс пен экономикаға бойлай алмайды, өйткені олардың бәріндегі барлық өзекті мәлімет математика тілінде беріледі.

35. "Оқулықтың бірінші басылымының жарық көруінің кейбір сәттері. Бұл "Оқулықтың" бастап жазылуы мен толық басылып шығуының арасы 18 жыл – өткен XX ғасырдың 79-97 жылдары (байқасаңыз, Ибатолла Ақбергеновтың тұңғыш қазақ атты автордың толық қанды математикалық мақаласының беттерінің екі соңғы цифрлары сондай екен).

Осы кітап Персидский Сергей Константинович басқарған Қазақ кеңес социалистік республикасының Жоғары оқу министрлігінің математика бойынша Ғылыми-методикалық кеңесінің 1979 жылғы шешімімен жазылады.

Бірақ басылып шығу жолы күрделі болды. Сегіз ай бойы әр тәулікте 18 сағат бойы жазылып, 23. V. 1980 аяқталған бірінші том тек 1987 жылы жарық көрді.

ҚазКСР Жоғары білім министірлігінде *"Осылай болған"*. Горбачевтік дәуірдің бас кезінде сондағы қатардағы инспектор Ирина Алексеевна Брянова білім мен ғылым үшін математикалық анализдің маңызының қандай екендігін, сонымен қатар, *"жоғары жақтың қолдауынсыз"* (тамыр-таныстық сол дәуірдің ең үлкен бүлігі еді) көлемі 20 баспа табақ болатын бірінші томды басып шығару тізбесіне қосу мүмкін еместігін түсініп, – батыл (шешуші) қадамға барды. Маған Жоғары білім министірлігінің Басылым жоспарына 5 баспа табақ көлемінде (кейін 70 баспа табақ – 1120 бет болып жарық көрген толық математикалық анализ курсы үшін, әрине, мүлдем қолайсыз) кіруім қажеттігін айтты, мен ештеңе түсінбесем де, айтқанын орындадым.

Сонымен, бір күні кешкісін Ирина Алексеевна шақырып алып, министірліктің Коллегиясының оқулық және ғылыми әдебиет шығару жайлы шешімі қолмен жазылған үлкен ватман плакатын маған үстатып, мұндағы 5 баспа табақ деген жерді сол заманда бір кітап үшін мүмкін ең үлкен көлем – 20 баспа табаққа түзетіп, таңертең плакатты оған қайтаруым керектігін айтты. Сөйтіп, "Мектеп" баспасы түрлі себептермен кейін шегіндіріп келген (бұл да болған) сол 1986 жылдың жоспарына осылайша ендім.

Әрине, "Математикалық анализ" оқулығын 5 баспа табақ көлемінде /Казақ мемлекеттік университетінің Ректорының ұсынысы бойынша Жоспарға енгізген Коллегиядан не қайыр,– осыны жалғыз Ирина Алексеевна түзетіп тұр ғой.

Бірақ, бұнымен де мәселе шешіле қойған жоқ, және де Баспаның кітаптың шығаруын жылдан жылға ысырып отырып, Жоспардан шығарып тастауға да құқығы бар еді.

Соның жалғасында, Жарылқасын Нұсқабаев есімді басқа адам, қысқа ғана мерізімге "Мектеп" баспасының Директор міндетін атқарушы бола қалып, бірінші томды 1987 жылы басуға, ал екінші томды 1990 жылдың Жоспарына енгізген болатын. Әрі қарай, 1997 жылы, жаппай құлдырау кезеңінде, сол Жарылқасын Нұсқабаев жекешеленген баспа қаражатының есебінен қорытындылаушы үшінші томды басып шығарды.

Азаматтық жауапкершілігі жоғары осы адамдар өздерінің қызметтік мүмкіндіктеріне сай келмесе де, әйтеуір ретін келтіріп, мүмкін емес нәрселерді жасағандықтарын баса айта кеткім келеді. Қайталай айтсам, математикалық анализдің білім мен ғылымдағы абсолютті маңызын түсініп, сол уақыт үшін орасан зор ауқымды 70 баспа табақ көлемде мыңдаған таралымда шығарды.

36. Сілтеме жүйесі. Әр тарау параграфтарға, әр параграф пункттерге бөлінген. Әр параграфта формулалар мен теоремалар 1 нөмірінен бастап кездесу ретімен ізінше арабша нөмірленеді. Бір пункт ішінде сілтеме жазылғанындай, бір тарау бірақ өзге параграфтар ішінде – пункт пен параграф нөмірлері көрсетіледі (мәселен, 4 (§2)-пункт не, қысқаша, 4(§2)-п. әлде одан да қысқа 4(§2)), өзге тарауға сілтемеде пункт, параграф және римдік белгілеуде тарау көрсетіледі (мәселен, 4 (§2, III-тарау)-пункт, тағы да, қысқаша, 4(§2, III)-п. және де 4(§2, III)).

Суреттер әр тарауда 1-ден бастап, өзінше нөмірленеді.

"*Тепе-теңдік*" мағынасындағы теңдік "$A \overset{C}{=} B$" таңбасының үстіндегі C сілтемесі "*C себепті A шамасы B шамасына тең*" деген болып табылады.

МАЗМҰНЫ

Функция белгілеулері 5. Функциялар теңдігі 6. Мәндері қабылданатын жиын сандық жиын болатын нақты мәнді функцияларға арифметикалық амалдар қолдану арқылы жаңа функцияларды анықтау 7. Бір функцияның аргументін екінші функцияға ауыстырып жаңа функция – күрделі функция анықтау амалы 8. Функция анықтамасындағы ереже және оның алгоритм түрінде берілуін талқылау 9. Функцияның формула арқылы анықталуы 10. Негізгі элементар және элементар функциялар 11. Функцияның берілген жиынынан оның жиыншасына тарылуы (сығылуы) 12. Тізбек ұғымы функцияның анықталу жиыны оң бүтін сандар болғандағы дербес жағдайы ретінде 13. Функция бейнесі және алғашқы бейнесі 14. Функциялардың түрлері: сюрьективті иньективті және биективті. $f : E \to F$ функциясы берілген болсын 15. Кері функция. Инъективті $E \overset{f}{\mapsto} F$ функциясы өзіне тығыз байланысты жаңа функцияның анықтамасының себебі болады 16. Өзара бірмәнді сәйкестік 17. Эквиваленттi жиындар 18. Ақырлы және ақырсыз жиындар 19. Саналымды жиындар 20. Теңдеу кері функция есебі ретінде 21. Формула сөздерді қолданбай шартты белгілер мен әріптер арқылы ғана математикалық мағынадағы (жалпы жағдайда - ғылыми) сөйлемдерді қысқартып жазу түрі ретінде

§4. САНДЫҚ ЖИЫНДАР 1. Ақырсыз сандар 2. Сандық жиынның жоғарғы және төменгі шендері. Шенелген жиындар 3. Санды жиынның ең үлкен және ең кіші элементтері 4. Сегмент (кесінді) пен интервал. Аралық

§5. НАҚТЫ САНДАР ЖИЫНЫНЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЛГЕБРАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕР1. Сандар және өлшеу мәселесі 2. Цифрлар сандардың таңбалары ретінде және сандар бейнелеуінің позициялық жүйесі 3. Алғашқы геометриялық келісімдер 4. Ұзындықты өлшеу есебі – оң бүтін және оң рационал сандар көзі ретінде 5. Рационал сандар мен кесінділер ұзындықтарын салыстырудың геометриялық және аналитикалық негіздемелері 6. «Бөлшектің негізгі қасиеті» атты $\frac{m}{n} = \frac{m \cdot k}{n \cdot k}$ теңдігінің геометриялық дәләлдемесі 7. Берілген бірлік кесінді бойынша ұзындығы жай бөлшек түрінде дәл есептелген екі жай бөлшекті салыстырудың геометриялық мағынасы мен аналитикалық өрнектелуі 8. Бөлімдері өзара тең жай бөлшектерді қосу амалының геометриялық мағынасы 9. Екі жай бөлшекті қосу ережесі 10. «Жай бөлшектердің айырымының ережесі» 11. «Жай бөлшектерді көбейту» ережесі 12. «Жай бөлшектерді бөлу» ережесі 13. Ерекше 0 (нөл) мен 1 (бір) сандары 14. Сандар жиынын «жаңа» сандар қосу арқылы кеңіту алгебралық мұқтаждығы 15. Теріс рационал сандар $\frac{m}{n} + x = 0$ теңдеуінің шешімі ретінде 16. Барлық бүтін сандар жиыны Z және барлық рационал сандар жиыны Q 17. Рационал сандарды түзу бойында бейнелеу әдістемесі және сол бойынша оларды салыстыру мен кесінді ұзындығын есептеу 18. Теріс мәнді рационал сандарды бағытталған түзуде бейнелеу тәртібі 19. Барлық рационал сандарды өзара салыстыру ережелері 20. Жай бөлшектер қасиеттерінің рационал сандар қасиеттері ретінде қорытындылануы 21. Өлшемдес кесінділер 22. «Кесінділер ұзындығын өлшеу үшін рационал сандар жиыны жеткілікті» және «... жеткіліксіз... » деген не? 23. Берілген әр бірлік кесінді бойынша онымен өлшемдес емес кесінді салу- Пифагор ғылыми мектебінің ұлы ашылымы 24. Әр квадраттың диагоналі оның жағымен өлшемдес емес. Тәптіштеп айтқанда кез келген кесінді алып оны бірлік кесінді деп қабылдап қабырғасы сол бірлік кесінді болатын квадраттың диагоналі кесінді ретінде алдын ала алынған бірлік кесіндімен өлшемдес емес 25. Кесіндінің ұзындығын өлшеу есебінің толық шешімі оң ондық бөлшектердің көзі (бастауы) ретінде 26. Әр кесінді үшін оның ұзындығы болып табылатын ондық бөлшекті құру кесінді өлшеу мәселесінің шешімі ретінде 23. Ондық-рационал сандар 27. Рационал сандардың ондық бөлшектер арқылы өрнектелуі 28. Рационал сандар салынған түзу мән мәтініндегі нақты сандардың ондық бөлшек түрінде жазылуындағы әрбір разрядты цифрдың мағынасы Жинақтап айтқанда 29. Нақты сандар жиыны ақырсыз ондық бөлшек ретінде 30. Нақты сандар жиыны ақырсыз екілік үштік және т. с. с. ақырсыз бөлшектер ретінде 31. Координаттық түзу ондық бөлшек түрінде жазылған нақты сандардың геометриялық интерпретациясы ретінде 32. Түзудің сандық бейнелеуі: әр нүктеге дәл бір нақты сан – оның координатасы сәйкес қойылуы 33. Координаталық түзуде координатасы – нақты сан не дәл сол мағынадағы ақырсыз ондық бөлшек бойынша нүкте салу тәртібі 34. Координаталық түзу бойында рационал және иррационал сандардың орналасуының «тығыздығы» туралы.

§6. МАҒЫНАЛАРЫ КӨРСЕТІЛГЕН НАҚТЫ САНДАРДЫҢ АКСИОМАЛАР ЖҮЙЕСІ 1. Алдын ала ескертулер 2. Аксиомалар арқылы барлық нақты сандар жиыны мен әр нақты санның анықталуы I. Қосу амалының аксиомалары II. Көбейту амалының аксиомалары III. Қосу және көбейту амалдарының арасындағы байланысы IV. Реттеу аксиомалары V. Архимед аксиомасы VI. Жоғарғы және төменгі шендер туралы аксиома 3. Аксиомалардың тікелей салдары 4. Аксиомалардың тікелей салдарының дәлелдемелері

§7. ҚОСУ МЕН КӨБЕЙТУ АКСИОМАЛАРЫНЫҢ САЛДАРЫ 1. Сандар айырымы мен бөліндісі 2. Сандарға қолданылатын төрт амал қасиеттері 3. Қосу және көбейту аксиомаларының салдарының дәлелденулері 4. $2+2=4$ теоремасы және оның дәлелдеуі 5. «Нөлге бөлуге болмайды» ережесі және оның дәлелдеуі

§8 РЕТТЕУ АКСИОМАЛАРЫНЫҢ САЛДАРЫ 1. Реттеу аксиомалары салдарының түсініктемелерімен берілуі 2. Теңсіздіктер аксиомаларының салдарларының дәлелдеулері 3. Санның оң бүтін және кез келген нақты мәнді дәрежелерінің реттік қасиеттері 4. Сандар араларындағы эквивалентті тұжырымдар 5. Эквивалентті тұжырымдардың дәлелдеулері 6. Архимед аксиомасының салдары.

§9. МАТЕМАТИКАЛЫҚ ИНДУКЦИЯ ӘДІСІ 1. Математикалық индукция әдісі 1°. Айтылым 2°. Айтылымдар тізбегі ақырсыз көп айтылымдардың дұрыстығын тексеру мәселесін тудырады 3°. Математикалық индукция әдісі 4°. Математикалық индукция әдісінің негізінде жатқан идея (түйіні) 5°. Математикалық индукция әдісін қолдану әдістемесі 2. *Ньютон биномы* атты екі айнымалылы көпмүшеліктің нақты мәнді дәрежесін оң бүтін мәніндегі жіктейтін Ньютон формуласы.

§10. БҮТІН РАЦИОНАЛ ЖӘНЕ ИРРАЦИОНАЛ САНДАРДЫҢ НАҚТЫ САНДАР АКСИОМАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛУЫ 1. Аксиомалық жүйедегі арифметикалық амалдар және бүтін сандар мен натурал сандар 2. Рационал сандар және олардың жай бөлшектер түрінде бейнелеулері 3. Оң және теріс мәнді жай бөлшектердің жазылулары 4. Жай бөлшектерді көбейту ережесі 5. Архимед аксомасының салдары ретінде нақты санды бөлшек түрінде бейнелеу әдістемесі 6. Ондық бөлшектер түрінде бейнеленген нақты сандарды аксиомалық түрде анықталған R жиынына еңгізу әдістемесі 7. Ондық бөлшектерге қолданылатын арифметикалық амалдар 8. Жай бөлшектерді қосу ережесі 9. Жай бөлшек жазуындағы сызықшаның « - » мағынасы 10. Оң ондық бөлшектер 11. Санды ақырсыз ондық бөлшек түрінде жазудың ерекшеліктері. 12. Ондық периодты бөлшектер рационал сандардың жазылуы ретінде 13. Периодтық ондық бөлшекті жай бөлшек түрінде жазу ережесі 14. Периодсыз ондық бөлшектер басқа - рационал емес сандардың жазылуы ретінде.

§11. НАҚТЫ САНДАР ЖИЫНЫНЫҢ СУПРЕМУМЫ МЕН ИНФИМУМ 1. Жоғарыдан шенелген сандық жиынның нақты мәнді ең кіші жоғарғы шені (супремумы) 2. Ең үлкен (ең кіші) элементі бар сандық жиынның супремумы (инфимумы) сол ең үлкен (ең кіші) элементтің дәл өзі болады Бұнда барлық ε оң сандары үшін $x_\varepsilon \in E,\, x_\varepsilon > \alpha - \varepsilon$ саны ретінде жалғыз E сандық жиынының ең үлкен элементі $x_{\max} = x_\varepsilon$ саны жарағанына оқырманның назарын ерекше аударамыз. 3. Сандық жиынның супремумын бейнелейтін шарттардың сәл жеңілдетілген түрі 4. Төменнен шенелген сандық жиынның ең үлкен нақты мәнді төменгі шені (инфимумы) Әрине инфимум үшін де бұл анықтамалар (3) және (4) анықтамалары сияқты сәйкес $\beta_0 > \beta' > \beta$ және $0 < \varepsilon < \varepsilon_0$ шектеулер жағдайындағыларға да пара-пар 5. Сандық жиындардың супремумы мен инфимумының сол сандық жиындардың өзінде жататын да жатпайтын да болуларының мысалдары 6. Шенелмеген сандар жиындарының супремум мен инфимумы 7. Супремум мен инфимум қасиеттері.

§12. ОҢ САННЫҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ ТҮБІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАР БОЛУЫ ТУРАЛЫ ТЕОРЕМА 1. Санды дәрежеге шығару 2. Сан түбірі. Оң санның арифметикалық түбірі және оның белгілеулері 3. Арифметикалық түбірдің «бар болуы» туралы теорема мен одан туындайтын «арифметикалық түбірді жуықтап есептеу» мәселесі математикалық анализ дамуының бірде-бір себебі ретінде 4. Арифметикалық түбірдің бар болуы туралы теорема 5. Иррационал сан бар болуы туралы теорема: $\sqrt{2}$ 6. Архимед аксиомасы мен арифметикалық түбірдің бар болу теоремасы салдары

§13. НАҚТЫ САННЫҢ НАҚТЫ МӘНДІ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ТҮСІНДІРМЕЛІ (ДӘЛЕЛДЕМЕЛІ) АНЫҚТАМАСЫ

1. Кіріспе мәліметтер 2. x дәреже көрсеткіші оң бүтін сан ғана емес кез-келген нақты сан болғанда a^x дәрежесін анықтау 3. Нақты санның оң бүтін дәрежесі және оның қасиеттері 4. «Сан дәрежесі» тақырыбындағы мәселесінің жалпы қойылуы 5. Нақты санның бүтін рационал және иррационал дәрежелерінің анықтамалары 6. Нөлден өзгеше нақты санның нөл дәрежесі туралы $a^0 := 1$ келісімін сан дәрежесіне алдын ала қойылған қасиеттер мәжбүр етеді 7. Ерекше $a = 1$ және $a = 0$ сандарының кез-келген нақты мәнді дәрежелері жөнінде келісімдер 8. Нақты санның бүтін дәрежесі және оның қасиеттері 9. Нақты санның оң бүтін дәрежесін кез-келген нақты мәнді дәрежеге тарату «көбейту» амалын «қосу» амалына ауыстыру арқылы «тез есептеу» шешімі ретінде 10. Сан дәрежесін жалпы анықтау мәселесінің қойылуы 11. Дәреже көрсеткішінің кез келген нақты мәні үшін a^x дәрежесі анықтамасының қажеттілігі

§14. САН ДӘРЕЖЕСІНІҢ РАЦИОНАЛ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ДӘЛЕЛДЕУЛЕРІ 1. Теріс санның рационал дәрежесі 2. (§14) Сан дәрежесінің көрсеткіші $E = N, Z$ және Q жағдайларында бірте-бірте кеңейе бергенде келесі анықтама соның алдыңғысы арқылы анықталған болса дәл айтқанда $a^{-m} := \frac{1}{a^m}\,(m \in N)\,, a^r \equiv a^{\frac{m}{n}} := (\sqrt[n]{a})^m = \sqrt[n]{a^m}$ болса Q жиынынан R жиынына өткенде жағдай мүлде өзгереді. a^x анықтамасы x нақты саны рационал да иррационал болғанда да бірдей беріледі - a^r түріндегі сандардың х бойынша құрылған жиынның супремумы (не $0 < a < 1$ болғанда инфимумы) ретінде

§15. САН ДӘРЕЖЕСІНІҢ НАҚТЫ МӘНДІ КӨРСЕТКІШТЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ДӘЛЕЛДЕУЛЕРІ

§16. САН ЛОГАРИФМІ – АНЫҚТАМАСЫ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘНІ БАР БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚАСИЕТТЕРІ 1. Логарифм – нақты сандарды бір көбейту амалын бір қосу амалына алмастыру негізі ретінде 2. Есептің қойылуы: оң сандарды берілген негізбен дәреже түрінде жазу 3. Сан логарифмінің анықтамасы мен белгілеуі 4. Логарифмнің бар болуы туралы теорема 5. Негізгі логарифмдік тепе-теңдіктер 6. Сан логарифмнің қасиеттері 7. Сан логарифмының қасиеттерінің дәлелдемелері 8. Логарифмнің көбейтудің бір амалын қосудың бір амалына ауыстыратын қасиетінің практикалық маңызы

§17. НАҚТЫ САНДАР ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ТІЗБЕСІ. НАҚТЫ САНДАРДЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ- АЛГЕБРАЛЫҚ ЖӘНЕ АКСИОМАЛЫҚ АНЫҚТАУ - БЕЛГІЛЕУ ЖОЛДАР 1. Нақты сандардың аксиомалар жүйесімен оның салдарының қорытынды тізбесі 2(§6). Аксиомалар арқылы барлық нақты сандар жиыны мен әр нақты санның анықталуы 3(§6). Аксиомалардың тікелей салдары §7. Қосу мен көбейту аксиомаларының салдары 1(§7). Сандар айырымы мен бөліндісі 2(§7). Сандарға қолданылатын төрт амал қасиеттері §8. Реттеу аксиомаларының салдары 1(§8). Реттеу аксиомалары салдары 3(§8). Санның оң бүтін және кез келген нақты мәнді дәрежелерінің реттік қасиеттері 4(§8). Сандар араларындағы эквивалентті тұжырымдар 5(§8). Архимед аксиомасының салдары 2. Сандарды символдық жазу (бейнелеу) ерекшеліктері 3. Нақты сандар жиынының аксиомалық анықтамалары мен геометриялық құрылымының арақатынасы 4. Ондық бөлшек арқылы кез келген шенелген сандық жиынның супремумы мен инфимумын дәл мәнін бейнелеу ережесі (алгоритмы)

II Т А Р А У. ТІЗБЕКТЕР ШЕКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯСЫ

§1. ТІЗБЕК ЖӘНЕ ТІЗБЕКТІҢ ШЕГІ 1. Тізбектің анықтамасы белгілеулері және берілу тәсілдері 2. Тізбектің нақты мәнді шегінің анықтамасы 3. Тізбек шегінің анықтамасының алғашқы талқылаулары 4. Тізбектің шегіне ұмтылуының кейбір мысалдары

§2. «МАҢАЙ» ШЕК АНЫҚТАМАСЫН ҚҰРАЙТЫН ҰҒЫМ РЕТІНДЕ. ТІЗБЕКТІҢ ШЕГІНІҢ (АҚЫРЛЫ ЖӘНЕ АҚЫРСЫЗ) ЖАЛПЫ АНЫҚТАМАСЫ 1. «Маңай» ұғымына әкелетін шек анықтамасының қосымша талқылаулары 2. Маңайлардың анықтамасы 3. «Маңай» ұғымының кейбір талқылаулары 4. Тізбектің шегінің (ақырлы және ақырсыз) маңайлар тіліндегі жалпы анықтамасы 5. Тізбек мүшелерінің шегіне жоғарыдан және төменнен ұмтылуы жалпы анықтамалардың дәлірек оқылуы жөнінде 6. Кейбір негізгі элементар функциялар бойынша анықталған тізбектердің шектері.

§3. ТІЗБЕКТІҢ ШЕГІ ЖОҚ ДЕГЕН НЕ?1. Сандық тізбектің нақты мәнді шегінің анықтамасын қарама-қарсы тұжырымдау яғни нақты мәнді шектің кері анықтамасы 2. Сандық тізбектің шегінің жалпы анықтамасын қарама - қарсы тұжырымдау 3. « $\{x_n\}$ тізбегінің ешқандай – ақырлы да ақырсыз да - шегі жоқ» деген не?

§4. ШЕГІ БАР (АҚЫРЛЫ НЕ АҚЫРСЫЗ) САНДЫҚ ТІЗБЕКТЕРДІҢ ҚАСИЕТТЕРІ 1. Алдын ала ескертулер 2. Шенелген және шенелмеген тізбектер 3. Жинақталатын (шегі бар және ақырлы) тізбектердің кейбір қасиеттері 4. Тізбектерге қолданылатын арифметикалық амалдар

§5. АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АНЫҚТАЛМАҒАНДЫҚТЫ АШУ ЕСЕПТЕРІ 1. Нақты сандарға ұмтылатын тізбектердің қатынасын шек тұрғысынан толық зерттеу 2. $\frac{0}{0}$ түрінде анықталмағандық және «анықталмағандықтыашу» есептері 3. Анықталмағандық және оны ашу мәселелері (жалпы жағдай).

§6. әрқашанда шегі бар монотонды тізбектер 1. Монотонды тізбектердің анықтамасы 2. Монотонды тізбектің шегінің бар болуы туралы теорема 3. Жинақталатын монотонды тізбектердің кейбір мысалдары 4. Сегменттер ұясы туралы теорема монотонды тізбектердің шектерінің геометриялық бейнесі ретінде 5. Нақты санның ондық бөлшек түрінде жазылуы мен «сегменттер ұясы» теоремасы арасындағы байланыс туралы

§7. МАТЕМАТИКАНЫҢ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТАНУДЫҢ ЕРЕКШЕ САНДАРЫНЫҢ БІРІ е САНЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ МЕН ҚАСИЕТТЕРІ 1. **е** санының анықтамасы 2. e санының ақырлы қосынды түрінде бейнелеуі және сонда пайда болатын қателіктің бағалануы 3. Дәлелденген формуланың теориялық және ғылыми есептеу салдары 4. Негізі е>1 саны болатын натуралдық логарифм 5. $\lim\limits_{n\to\infty}\left(1+\frac{1}{n}\right)^n$ шегін табу 1^∞ түріндегі анықталмағандықты ашу ретінде

§8. ТІЗБЕКШЕЛЕР МЕН ДЕРБЕС ШЕКТЕР 1. Тізбекше мен дербес шектің анықтамалары 2. Шегі бар және шенелмеген тізбектердің дербес шектері туралы 3. Шектің барлық мүмкін алты жағдайынан құрылған қайсыбір жиындар қандай сандық тізбектің барлық дербес шектерінен құрылған жиын болуы мүмкін

§9. БОЛЬЦАНО-ВЕЙЕРШТРАСС ТЕОРЕМАСЫ (ӘР ТІЗБЕКТІҢ ЕҢ ҮЛКЕН ЖӘНЕ ЕҢ КІШІ ДЕРБЕС ШЕГІ БАР БОЛУЫ) 1. Әр шенелген тізбектің нақты сан болатын ең үлкен және ең кіші дербес шегі бар болуы туралы Больцано-Вейерштрасс теоремасы 2. Нақты сан кез келген сандар тізбегінің ең үлкен және ең кіші дербес болуының жеткілікті шарттары 3. Сандық тізбектің нақты мәнді жоғарғы және төменгі шектерінің сипаттамасы 4. Шенелген тізбектердің ең үлкен және ең кіші дербес шектерінің соның мүшелері арқылы біржақты тікелей бейнеленуі 5. Жоғарғы шектің $\overline{\lim\limits_{n\to\infty}}\, x_n \equiv \lim\limits_{n\to\infty} \sup x_n$ және төменгі шектің $\underline{\lim\limits_{n\to\infty}}\, x_n \equiv \lim\limits_{n\to\infty} \inf x_n$ белгілеулерінің мағыналары 6. Кез келген сандық тізбектің ең үлкен және ең кіші дербес шектері бар болуы

§10. КОШИ КРИТЕРИЙІ (ТІЗБЕКТІҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫСЫ АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕНГЕН НАҚТЫ МӘНДІ ШЕГІ БАР БОЛУЫНЫҢ ҚАЖЕТТІ ЖӘНЕ ЖЕТКІЛІКТІ ШАРТЫ) 1. Коши шарты мен Коши тізбегі 2. Коши критерийі 3. Коши критерийінің жинақталатын тізбектер теориясындағы орны 4. «Таза бар болу теоремалары» мен «бар болуымен қатар құру мүмкіндігін көрсету» зерттеу әдістері.

§11. ЕҢ ҮЛКЕН (ЖОҒАРҒЫ) ЖӘНЕ ЕҢ КІШІ (ТӨМЕНГІ) ДЕРБЕС ШЕКТЕРІНІҢ ТІЗБЕК ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ 1. «Жай» жоғарғы және төменгі тізбектің нақты мәнді шектерінің анықтамаларының арақатынастары 2. Жоғарғы және төменгі шектерді есептеудің бір мысалы 3. Тізбектің нақты мәнді шегі бар болуының дербес шектер тіліндегі критерийі 4. Тізбек шегі ақырсыз болуының дербес шектері тіліндегі критерийі 5. Коши критерийінің тағы бір дәлелдеуі 6. Теңсіздікте шекке көшу туралы теорема 7. Жоғарғы және төменгі шектер арқылы тізбектің кейбір қасиеттерін бейнелеу туралы 8. Шенелген сандық тізбектің жалпы құрылысы.

